



АҚОРДА

ЕКІ ЕЛ СЕРІКТЕСТІГІНЕ ЖАҢА СЕРПІН

Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманды елорда әуежайында қарсы алды.

Еліміздің шекарасына енген сәттен Астана әуежайына қонғанға дейін Ресей Президентінің бортына Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің ұшақтары қапталдасу ұшты. Ұшақ трапының алдында Құрмет қарауылы ротасы сап түзеді.

Владимир Путин мен ресми делегация мүшелеріне екі елдің жалаушаларын ұстаған балалар, Махамбет Өтемісов атындағы Оқушылар сарайының барабаншылары қошемет көрсетті. Одан кейін Қазақстан мен Ресей туларын желбіреткен тікұшақтар алаң үстімен ұшып өтті.

Әуежай терминалында әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының домбырашылар ансамблі және сырнайшы, халықаралық конкурстардың лауреаты Радмир Хайбуллин Ресей мемлекеті басшысының құрметіне Құрманғазы күйлері мен орыс халық әуендерінен попури орындады.



Алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путин шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Тәуелсіздік сарайында Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинді салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі

елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Салтанатты рәсім аяқталған соң президенттер келіссөз жүргізді.

Қазақстан Президенті Ресей басшысына ілтипат білдіріп, елімізге мемлекеттік сапармен келгеніне қуанышты екенін айтты.

— Бұл сапардың елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды дамыту тұрғысынан мәні зор. Сонымен қатар Еуразия құрлығындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде де айрықша мәнге ие деп ойлаймын.

Өйткені біздің елдеріміз алып Еуразия кеңістігінің өзегі саналады. Осы орайда екі мәселені ерекше атап өткім келеді. Біріншісі — елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастардың жеті негізі туралы бірлескен мәлімдеме. Жеті — қасиетті сан. Құжат өте мазмұнды. Бұл жөнінде баспасөз конференциясында толығырақ айтамын. Оны өзім қарап, түзетулер енгіздім. Аталған мәлімдеме екі ел жылнамасына маңызды оқиға ретінде енеді деп сенемін. Екіншісі, Қазақстанда атом электр станциясының құрылысына қатысты келісімге қол қою. Осы жобаға қолдау көрсеткеніңіз үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. АЭС құрылысы туралы келісімнің стратегиялық мәні жөнінде айта беру артық. Бұл бәріне түсінікті. Біз достас, бауырлас елдерміз. Ортақ бай тарихымыз бар, мәдени дәстүрлеріміз бен халықтарымыздың менталитеті бір-біріне ұқсас. Кешегі бейресми кездесуде ол жөнінде егжей-тегжейлі айтып, өткенді еске алдық. Ресей үшін де мұның мәні ерекше деп ойлаймын. Біз халықтарымыздың түпкілікті мүддесіне сай жұмыс істейміз. Азаматтарымыз мемлекеттеріміздің достығы мен ынтымағы сақталғанын қалайды. Одан әрі өркендеу үшін баршамамызға бейбітшілік қажет, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаһандық цифрлық бәсекедегі ЕАЭО: жасанды интеллектіге басымдық беру» атты V Еуразиялық экономикалық форумның пленарлық сессиясына қатысып, сөз сөйледі.

— Құрметті форум қатысушылары! Ең алдымен, осы өте маңызды іс-шараға қатысқаны үшін Еуразия экономикалық одағына мүше мемлекеттердің басшыларына, байқаушы елдердің көшбасшыларына және барша қонақтарға шынайы ризашылығымды білдіремін.

(Жалғасы 3-бетте)



ЕУАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЕЛЕУЛІ ОДАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шағын құрамдағы отырысы өтті.

Мемлекет басшысы бүгінгі күннің символикалық мәніне назар аударды. Дәл осы күні, яғни, 2014 жылы 29 мамырда Қазақстан елордасында Еуразия экономикалық одағы туралы шартқа қол қойылған болатын.

— Бұл уақиға еуразиялық интеграцияның маңызды кезеңі ретінде есте қалды. Одақ құрылған сәттен бері еуразиялық «бестіктің» басты ынтымақтастық алаңына айналды. Осыған орай, барша әріптесімді Еуразиялық экономикалық

одақ күнімен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Бірлестік одан әрі дамып, елдеріміз бен халықтарымыздың игілігіне қызмет ете берсін! Бүгінгі шағын форматтағы кездесу барысында біз сыртқы саудаға, жасанды интеллектіні дамыту бастамаларына қатысты маңызды мәселелерді талқылаймыз. Бұл туралы мазмұнды әңгімеміз кеше экономикалық форум аясында басталды. Жиынымыз әдеттегідей конструктивті сипатта өтіп, өзара тиімді шешімдер қабыл-

данатынына сенімдімін, — деді Қазақстан Президенті.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысында сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев Астанадағы іс-шараларға қатысқаны үшін ЕАЭО-ға мүше елдердің және байқаушы мемлекеттердің басшыларына, сондай-ақ арнайы шақырылған қонақтарға алғыс айтты.

(Жалғасы 4-бетте)

«АМАНАТ»

ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ СЪЕЗІ ШАҚЫРЫЛДЫ

«АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов «АМАНАТ» партиясының кезекті XXVI Съезін шақыру туралы Қаулыға қол қойды.



Іс-шара 2026 жылы 12 маусымда Астана қаласында өтеді.

Съезд жұмысына еліміздің барлық өңірінен делегаттар қатысады.

Партияның Орталық аппараты мен филиалдары Съезд қарсаңында дайындық жұмысын қолға алуда.

АҚОРДА

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

ЕКІ ЕЛ СЕРІКТЕСТІГІНЕ ЖАҢА СЕРПІН

(Басы 1-бетте)

Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін алғыс айтты.

— Былтыр бізге мемлекеттік сапармен келгеніңізге қуандық. Сол кезде ғасырлар бойы, соның ішінде бір мемлекет аясында қалыптасқан халықтарымыз арасындағы берік достық пен өзара құрметке негізделген стратегиялық серіктестігімізді кеңейту бағытында тағы да алға қарай қадам жасадық. Бүгін де жемісті жұмыс атқарамыз деп ойлаймын. Бейресми сипатта өткен кешегі кездесу үшін ризашылығымызды білдіремін. Өзара ықпалдастығымыздың көптеген маңызды әрі перспективалы бағыты бойынша пікір алмастық. Делегациямыз еліңізге мереке қарсаңында келіп отыр. Ресей мұсылмандары Құрбан айт мерекесін атап өтеді. Қазақстанда да бұл мейрам кеңінен тойланатынын білемін, — деді Владимир Путин.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ МӘНІ ЗОР

Осыдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин келіссөздерді ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғастырды.

Мемлекет басшысы Ресей Президентінің Қазақстанға жасаған сапары жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық рухындағы қарым-қатынастардың ерекше сипатын көрсететінін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, әлемдегі күрделі ахуалға қарамастан, екіжақты ықпалдастық, әсіресе, экономика саласында табысты өрбіп келеді. Өңіраралық ынтымақтастық форумдарын өткізу дәстүрге айналды.

— Ресей Қазақстан экономикасына қаржы құйған елдердің арасындағы ең ірі инвестор саналады. Қазақстанның Ресей экономикасына салған қаржысы 9 миллиард доллардан асты. Бұл — өте жақсы көрсеткіш, екі ел президенттерінің әкімшіліктері мен үкіметтерінің бірлесіп атқарған жұмысының нәтижесі. Осы қарқынды ары қарай жалғастыруға уағдаластық. Бүгінде инвестицияның жалпы көлемі 53 миллиард доллар болатын 177 бірлескен жобаның пулы жасаталды, оның ішінде 122-сі іске асырылды, яғни, операциялық кезеңге өтті, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық айрықша назар аударуға лайық. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресейдің көпжақты алаңдар аясындағы ықпалдастығына мән берді.

— Екі ел «Орталық Азия — Ресей» форматында жемісті жұмыс атқарып жатқанына айрықша тоқталғым келеді. Аталған форматты бүкіл әлем Орталық Азияға назарын тігіп отырған уақытта күшейте түсуіміз қажет деп ойлаймын. Сапар қарсаңында жарияланған мақаланың үшін Сізге ризашылығымызды білдіремін. Өте қызықты әрі мазмұнды мақала біздің қоғам тарапынан оң бағаға ие болды. Біз елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды нығайту бағытында әрі қарай жұмыс атқара береміз, — деді Президент.



Владимир Путин теңқұқылы және өзара құрметке негізделген Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанын жеткізді.

— Былтыр Мәскеуге мемлекеттік сапарыңыз барысында жасаған бірлескен мәлімдемеді байланыстарымыз жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық деңгейіне көтерілгенін атап өттік. Бұл шын мәнінде солай. Біз барлық бағытта жұмыс жүргізіп жатырмыз. Ресей және Қазақстан халықтары арасындағы достық пен тату көршіліктің жеті негізі жайында маңызды бірлескен мәлімдеме қабылдаймыз. Сонымен қатар көптеген үкіметаралық, ведомствоаралық және коммерциялық келісімдер дайындалды. Бұл құжаттар экономика мен энергетикадан бастап, мәдени-гуманитарлық қатынастарға дейінгі ынтымақтастықтың барлық саласын қамтиды. Мұның бәрі өзара ықпалдастығымыздың іргесін нығайтуға септігін тигізетініне сенімдімін. 70 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл — ауқымды жұмыстың бастауы ғана. Өзара ынтымақтастығымыздың жақсы нәтижеге қол жеткізетін перспективалы бағыттары байқалады, — деді Ресей Президенті.

Бұдан бөлек, кездесуде өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту және өндіріс, энергетика, көлік-логистика, агроөнеркәсіп кешені, цифрландыру салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Владимир Путин жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі нығайту мақсатында Қазақстан және Ресей халықтары арасындағы достық пен тату көршіліктің жеті негізі туралы Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

ЫМЫРАЛЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Екіжақты келіссөздерден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері алдында бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президентінің мемлекеттік сапарын екі елдің стратегиялық серік-

тестігі мен одақтастық қатынастарын дамытудағы маңызды оқиға ретінде қарастыратынын атап өтті.

— Ең алдымен, кездесуіміздің қарсаңында жарияланған мазмұнды мақаласы үшін Ресей Президентіне алғыс айтамын. Бұл материалды халқымыз ықыласпен оқыды. Өйткені мақалада тату көршілік пен өзара құрметке негізделген ынтымақтастықты табысты ілгерілету үшін маңызды зор нақты деректер мен пайымдар көрініс тапқан. Бүкіл еуразиялық кеңістіктегі тұрақтылық пен өркендеуге ортақ жауапкершілік арқалау Қазақстан-Ресей ықпалдастығының негізгі мәні деген пікірмен келіспеске болмайды. Қазақстан тарапына айтылған жылы лебіздер мен елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға берілген жоғары баға үшін шынайы ризашылығымызды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің айтуынша, бұл сапар екіжақты ынтымақтастық аясындағы сапалы өзгерістерді айқын көрсетті.

— Мұны мынадай объективті көрсеткіштерден аңғарамыз: сауда-саттық көлемі 30 миллиард долларлық межеге жетеді деп болжанып отыр, ал экономикамызға құйған инвестиция бойынша Ресей басқа елдер арасында бірінші орынға шықты. Экономикалық ынтымақтастық аясындағы бастамалар тізіміне 177 перспективті жоба кірді, оның 122-сі операциялық циклге өтті, яғни, іске асырылды. Қазақстан Ресеймен мәңгі достықты және стратегиялық серіктестікті жоғары бағалайды. Біз Ресейді әрдайым Еуразиядағы тарихы бай әрі даму әлеуеті зор мемлекет деп санаймыз. Қазірдің өзінде санкциялар салдарынан туындаған қиындыққа қарамастан, Ресей экономикасы сатып алу қабілетінің паритеті бойынша әлемде — төртінші орынға, ал Еуропада бірінші орынға шықты. Мұны ірі халықаралық қаржы институттарының мәліметтері растайды. Былтыр Ресейдің номиналды ішкі жалпы өнімі 2,5 триллион доллардан асты. Бұл — керемет нәтиже, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейге жетуіне Ресей Президенті Владимир Путин зор үлес қосқанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, келіссөздер делегация мүшелерінің қатысуымен іскерлік

және конструктивті сипатта өтті. Тараптар күн тәртібіндегі барлық мәселе бойынша нәтижелі пікір алмасты. Еуразиядағы қауіпсіздікке баса назар аударылды.

— Сауда-экономикалық байланыстардың орнықтылығы, кәсіпкерлердің белсенділігі екі ел экономикасының негізгі салаларындағы өсімді қамтамасыз етіп отыр. Соңғы бес жылда тек агроөнеркәсіп саласындағы екіжақты сауда-саттық көлемі 1 миллиард долларға ұлғайды. Инвестициялық ынтымақтастық қарқынды түрде дамып келеді. Осыған дейін айтылғандай, Ресей Қазақстан экономикасына құйған тікелей инвестиция бойынша көш бастап тұр. Жалпы инвестиция көлемі 29 миллиард доллардан асты. Ал Қазақстанның Ресей экономикасына салған инвестициясы 9 миллиард долларға жетті. Бұл да жақсы көрсеткіш. Қазақстанда ресейліктердің үлесі бар 20 мыңнан аса компания табысты жұмыс істейді. Биыл 20 тамызда өтетін Қазақстан-Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумы сауда-экономикалық, инвестициялық салалардағы әріптестік әлеуетін арттыруға тың серпін беретініне сенімдіміз, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым Жомарт Тоқаевтың пікірінше, энергетиканы ынтымақтастықтың аса табысты бағыты ретінде қарастыруға толық негіз бар.

— Менің ойымша, бүгін қол қойылған «Балқаш» атом электр станциясын салуға қатысты келісімдердің стратегиялық маңызы зор. Осы ауқымды жобаны батыл қолдағаны үшін Ресей Федерациясының Президентіне ризашылығымызды жеткіземін. Бұл бастама ғылым-білім, технология салаларындағы ықпалдастықты ілгерілетіп, энергетика мен индустрияға қатысты аралас бағыттардың дамуын қамтамасыз етеді. Қазақстан мен Ресей үшін энергия ресурстарын және электр энергиясын өндіру, тасымалдау, ішкі әрі сыртқы нарықтарға жеткізу мәселелерін табысты шешудің мәні зор. Еуразиядағы көлік байланысы көбіне біздің елдерімізге тәуелді. Қазақстан мен Ресей Солтүстік — Оңтүстік, Шығыс — Батыс құрлықаралық дәліздерін дамыту жолында жемісті жұмыс атқарып жатыр. Тарифтерді оңтайландыру, әкімшілік рәсімдерді қысқарту, шекара маңындағы және басқа да инфрақұрылымды жаңғырту үшін жүйелі шаралар қабылданғаны қуантады.

Соның нәтижесінде жүк тасымалы тұрақты түрде артып келеді, былтырғы қорытынды бойынша 92 миллион тоннаға жетті. Бұл шамамен 3,4 пайыз өсімді құрайды. Аталған көрсеткіштерді ұлғайту жоспарланған. Ол үшін озық цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын енгіземіз. Ғарыш саласындағы ынтымақтастықтың келешегі зор. «Байқоңыр» космодромы көп жылдан бері жемісті ғылыми-техникалық серіктестігіміздің символы ретінде қызмет етіп келеді. «Бәйтерек» бірлескен жобасының жүзеге асырылуы, соның ішінде жақында «Сұңқар/Союз-5» жаңа зымыран тасығышының сәтті ұшырылуы ғарыш қызметін ұсынатын халықаралық нарықтағы елдеріміздің позициясын нығайтуға жол ашды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президентінің мемлекеттік сапары табысты өткенін жеткізіп, екі елдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарының жылнамасына енетініне сенім білдірді.

Ресей Президенті келіссөздердің іскерлік және конструктивті сипаты екі елдің достық және тату көршілік қарым-қатынасына сай келетінін айтты.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путинге екі елдің бірқатар сауда-экономикалық жобалары таныстырылды.

Бүгінде елімізде 3,5 мың бірлескен кәсіпорын және ресейлік капиталы бар 17 мыңнан аса компания жұмыс істейді. Қазақстан мен Ресей өнеркәсіп кооперациясының портфелі жалпы құны 52,7 миллиард долларды құрайтын 177 бірлескен жобадан тұрады. Осы арқылы 60 мыңнан аса жұмыс орны ашылмақ.

Осыдан кейін Қазақстан мен Ресей басшыларына «Астана — Мәскеу» жүргізушісіз жүк көлігі автобағытының іске қосылуы көрсетілді. Өз кезегінде Қазақстан мен Ресей президенттеріне Амур жолбарыстарын жерсіндіру жобасы таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путинге көрсетілген бейнероликте төрт Амур жолбарысын «Ле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты аумағына жіберу сәті таспаланған. Бұл бастама Қазақстандағы жолбарыстар популяциясын қалпына келтіруге және әлемдегі биоалуантүрлілікті сақтауға зор үлес қосады.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путин онлайн-форматта «Қазақстан — Сириус» халықаралық білім беру инфрақұрылымының қапсуласын салу рәсіміне қатысты.

Осыдан соң Қазақстан мен Ресейдің Мәңгілік достық аллеясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин емен ағашын екті. Бұл рәсім екі мемлекет арасындағы өзара құрметтің, берік достық пен көпқырлы ынтымақтастықтың белгісін сипаттайды.

Бұдан кейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер басшылары Еуразия экономикалық форумы аясындағы көрмені тамашалады. Форумда Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан президенттері мен делегация жетекшілерінің назарына озық технологиялық және цифрлық шешімдер көрмесі, сондай-ақ Халықаралық Алем.АІ жасанды интеллект орталығының мүмкіндіктері ұсынылды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

(Басы 1-бетте)

Еуразия экономикалық форумы еуразиялық интеграцияны дамытудың өзекті мәселелері бойынша кәсіби әрі нәтижелі диалогтың тиімді алаңы ретінде кеңінен танылған. Бүгін ортаға салған идеялар, бастамалар мен ұсыныстар Интеграциялық одақ аясындағы өзара тиімді ынтымақтастыққа тың серпін беретініне сенімдімін. ЕАЭО – жай ғана өңірлік интеграциялық бірлестік емес, жаһандық экономиканың маңызды субъектісі екенін түсінген жөн. Бұрын-соңды болмаған геосаяси дүрбелеңдер кезінде мемлекеттеріміз үйлесімді іс-қимыл арқылы экономикаларының орнықты дамуын, әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алды. Қазір біздің алдымызда Еуразия экономикалық одағының әлеуетін одан әрі арттырып, қарқынды дамыту жөнінде стратегиялық маңызды міндет тұр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, дүниежүзілік шаруашылық байланыстарының бағдары жаппай өзгеріп жатқан кезеңде теріс сипаттағы жаһандық үрдістерге төтеп беру үшін одақ елдері күшжігерін жұмылдыру керек.

– Әлемдік нарықтағы ахуал күрделі, тіпті көп жағдайда болжап біле алмайсыз. Өзімізге етене таныс экономикалық сынақтарға қоса, цифрлық салада ауқымды өзгерістер болып жатыр. Бұл көп ұзамай «ойын ережесін» толықтай жаңартады. Осыған орай, бүгінгі форум тақырыбының өзектілігі арта түсті. Жасанды интеллект технологияларының көз ілеспес жылдамдықпен дамуы жаһандық экономикаға ықпал ететін іргелі факторға айналып үлгергенін көріп отырмыз.

Халықаралық сарапшылар, мәселен, Goldman Sachs алдағы он жыл ішінде жасанды интеллектті қолдану әсерінен әлемдік ішкі жалпы өнімнің өсімі 7 триллион долларға жақындауы мүмкін деп пайымдайды. Бұл жаңа технологиялық қалыптың түзілуіне алып келеді. Соның салдарынан экономиканың барлық секторындағы еңбек нарығының құрылымы түбегейлі өзгереді. Мәселен, Халықаралық валюта қорының бағалауынша, алдағы жылдары жасанды интеллект технологиясының енгізілуіне қарай дүниежүзіндегі жұмыс орындары 40 пайызға дейін қысқаруы мүмкін. Демек, шартараптағы жүздеген миллион адам білімін жетілдіріп, жаңа дағдыларды меңгеруге тиіс. Әлеуетті мемлекеттер ауқымы жағынан белгісіз міндеттермен бетпе-бет келіп, ұлттық білім беру жүйесін түбегейлі өзгертуге мәжбүр болады. Цифрлық технология-



ларды қарқынды экономикалық және қоғамдық даму тетігіне айналдыра аламыз ба? Бұл – ең басты мәселе.

Аз да болса амбициясы бар елдердің келешегі аталған мәселені қаншалықты табысты шешуіне тікелей байланысты десек, артық айтқандық емес. Дәл осы себепті Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ органдарына төрағалық еткен жылы Одақ аясында елдеріміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын «төрт еркіндік» қағидатының құралы ретінде нақты қолдануды ұсынды, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстан «ақылды» платформаларды мемлекеттік басқару жүйесі мен экономиканың негізгі секторларына табысты енгізуде.

– Былтыр халыққа Жолдауымда Қазақстанды цифрлық елге айналдыру жөнінде міндет жүктедім. Бұл жұмысқа жүйелі сипат беру үшін биыл, яғни 2026 жыл елімізде Жасанды интеллект және цифрлық даму жылы болып жарияланды. Болашақтың бағдарын айқындай отырып, біз азаматтардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігіне баса мән береміз.

Қазақстанның жаңа Конституциясында алғаш рет дербес мәліметтерді қорғау құқығы бекітілді, соның ішінде цифрлық технологияларды қолдана отырып, деректерді заңсыз жинауға, өңдеуге, пайдалануға тыйым салынды. Мұны, шын мәнінде, өте маңызды конституциялық міндет деп санаймыз. Институционалдық негізді нығайтып, инновацияны

кешенді түрде енгізу мақсатында Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кенесті құру да пайдалы шараның бірі болды. Аталған консультативтік орган құрамы жетекші шетелдік және отандық сарапшылардан, бизнес пен мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен жасақталды.

Бұдан бөлек, біз барлық қажетті инфрақұрылымды жедел дамытуды қолға алдық. Қазақстан өңірімізде бірінші болып, осы саладағы әлемдік көшбасшы саналатын NVIDIA компаниясының озық технологиялары негізінде екі суперкомпьютерді іске қосты. «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру басты міндет ретінде жарияланды. Бұл ауқымды жоба жаһандық капитал мен әлемдік технологиялық алпауыттар үшін тартымды ортаға айналды, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның адами капиталға қомақты қаржы құйып жатқанын жеткізді. Халықаралық Alem.ai орталығы жанынан Tumo және Tomogrow school жаңа буын мектептері, сондай-ақ әлемге белгілі бірқатар компанияның (Telegram, Presight) зертханалары ашылды.

– Екі апта бұрын «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті ендіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойдым. Мақсатымыз – дербес білім беруге ден қоя отырып, педагогтарды біліктілігін арттыру, инфрақұрылым мен оқу стандарттарын дамыту.

Қазақстан жедел цифрлық трансформацияны сапалы түрде жүргізу үшін ЕАЭО мемлекеттерімен серіктестікке және ынтымақтастыққа ашық. Менің ойымша, жаңа технологияларды, әсіресе, жасанды интеллектті сауда және логистика саласына белсенді енгізу аса маңызды. Кедендік рәсімдерді жеделдету мақсатында ұлттық цифрлық жүйелердің байланысын күшейткен жөн. Бұл нақты уақыт режимінде барлық құжатты тез өңдеуге, кедергілерді анықтауға және жүк ағындарын болжауға мүмкіндік береді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, электронды цифрлық қолданбалы өзара тану бизнес шығындарын айтарлықтай азайтып, ЕАЭО кеңістігіндегі алыс-берісті арттыруға көмектеседі. Өнеркәсіп кооперациясын кеңейтуде жасанды интеллекттің сараптамалық әлеуетін пайдаланудың практикалық маңызы зор.

– Елдеріміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту үшін агроөнеркәсіп кешеніне интеллектуалды жүйелерді енгізуге басымдық беру қажет. Жаңа технологияларды белсенді әрі жан-жақты қолдану ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер экономикасының қарқынды дамуына септігін тигізетін аса маңызды фактор деп санаймын.

Сонымен қатар жаңа технологиялар Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері арасындағы «цифрлық алшақтыққа» себеп болмауы керек. Керісінше, ол елдеріміздің экономикаларын байланыстырып, ынтымақтастықтың қуатты құралына айналуға тиіс. Бүгін біз 2025 жылдың желтоқсанындағы менің ұсынысыма сәйкес, Жасанды интеллектті жауапкершілікпен дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемені қабылдаймыз. Аталған құжаттың басты мақсаты – Одаққа мүше елдердің экономиканың негізгі секторларын цифрландыруға қатысты ортақ ұстанымын қалыптастыру және бір-бірінің мүддесін ескере отырып, жасанды интеллект технологияларын қауіпсіз енгізуді қамтамасыз ету.

Орайлы сәтті пайдаланып, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер басшыларына осы маңызды құжатты әзірлеуге және қабылдауға қолдау көрсеткені үшін ризашылығымды білдіремін. Жаңа технологиялық және экономикалық қалып негізінде қайта құрылып жатқан әлемдік тәртіптің қазіргі кезеңі елдерімізге бірегей мүмкіндіктер ұсынып отыр. Келешектегі позициямызды нығайту үшін оны ұтымды қолданған жөн. Біз осы тарихи мүмкіндікті мүлт жібермей, барынша пайдалануға міндеттіміз, – деп түйіндеді Мемлекет басшысы.

САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР АРТАДЫ



Мемлекет басшысы Куба Республикасының Вице-президенті Сальвадор Вальдес Месамен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жиынға қатысқаны үшін мәртебелі мейманға ризашылығын білдіріп, еліміз Кубаның ЕАЭО қызметіне қосқан үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

Президент Еуразиялық экономикалық форумда талқыланды жасанды интеллектті дамытудың өзектілігін атап өтіп, осы саладағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективасына тоқталды.

Мемлекет басшысы еліміздегі экономиканың негізгі салаларын цифрландыру және оған жасанды интеллект технологияларын енгізу шаралары туралы мәлімет берді. Осы орайда,

Қазақстанның Куба тарапымен электрондық үкіметті дамыту тәжірибесін бөлісуге, озық цифрлық шешімдерін экспорттауға әзір екенін растады.

Сальвадор Вальдес Меса Қасым-Жомарт Тоқаевқа Куба Президенті Мигель Марио Диас-Канель Бермудестің сәлемін жеткізіп, өзара сауда-экономикалық байланысты арттыруға ниетті екенін айтты.

АҚОРДА

30 МАМЫР 2026 | СЕНБИ

ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЕЛЕУЛІ ОДАҚ

(Басы 1-бетте)

— Бүгінгі кездесуіміз ерекше мәнге ие. 2014 жылы дәл осы күні Бірлестігіміздің негізін қалаған Шартқа қол қойылды. Жоғары кеңестің шешімімен 29 мамыр — Еуразиялық экономикалық одақ күні болып ресми түрде жарияланды. Бірлестігіміздің он жылдан астам тарихы бар. Осы уақыт ішінде экономикалық интеграцияны тереңдету бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Атап өтерлік жайт, бұл күндері Астанада Жоғары кеңестің отырысымен қатар Еуразиялық экономикалық форум өтіп жатыр. Форум қорытындысы сан қырлы іскерлік серіктестігімізге тың серпін беретініне сенімдімін, — деді Президент.

ОҢ ДИНАМИКА
САҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақ макроэкономикалық дамудың оң динамикасын сақтап отырғанына тоқталды.

— Болжамға сай, 2026-2027 жылдары ЕАЭО елдерінің жиынтық жалпы ішкі өнім өсімі 2,5 пайызға жуықтауға тиіс. Жаһандық нарықтағы тұрақсыздыққа қарамастан, былтыр елдеріміз арасындағы тауар айналымы 95 миллиард доллардан асты. Биыл өзара саудасаттық көлемі 6 пайызға ұлғаяды деп күтіп отырмыз. Бұл 100 миллиард долларлық межені еңсеруге мүмкіндік береді. Дегенмен халықаралық ұйымдардың жаһандық нарықтағы жағдайға берген бағасы көңіл көншітпейді. Халықаралық валюта қорының баяндамасына сәйкес, биыл әлем экономикасы 3 пайызға дейін баяулайтыны жөнінде айтылып жүр. Әрине, дүниежүзіндегі құрылымдық өзгерістер ЕАЭО-ның экономикалық дамуына да әсер етпей қоймайды. Қазіргі сәтте Бірлестігімізді жаңа жағдайларға бейімдеу, ішкі орнықтылықты нығайту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру өте өзекті міндет болып тұр, — деді Мемлекет басшысы.

Жоғары кеңестің төрағасы ретінде Қазақстан Президенті интеграциялық құрылымды одан әрі қарқынды дамытуды көздейтін бірқатар стратегиялық басымдықты атады. Сонымен қатар еліміздің ұсыныстарына қолдау көрсеткені үшін әріптестеріне алғыс айтты.

— Жасанды интеллектті жауапкершілікпен дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемені қабылдау мақсатымыздың ортақ екенін көрсеткен маңызды шешім болды. Осы саладағы белсенді ықпалдасуға үміт артамын. Күш-жігері-



мізді келесі басым бағыттарға жұмылдырудың мәні зор деп санаймын. Бірінші. Еуразиялық интеграцияның цифрлық негізін нығайту. Цифрландыру мен жасанды интеллект арқылы жаңа технологиялық жүйе қалыптастыру кезінде деректерді жедел өңдеу, автоматтандыру және инновацияны жаппай енгізу табыстың негізгі факторына айнала бастады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан жасанды интеллектті енгізу бойынша бірқатар жүйелі шараны қолға алды.

— Astana Hub базасында қарқынды ілгерілеп келе жатқан әрі толыққанды стартап-экожүйе қалыптасуда. Елімізде 100-ден астам жаңа жоғары технологиялық компания жедел дамып келеді. Қазақстан технологияны нетто-экспорттаушы мәртебесін ресми түрде дәлелдеді. IT қызметтер экспортының көлемі 1 миллиард доллардан асты. Біздің бастапқы жетістіктеріміз халықаралық деңгейде мойындалды. EGDІ (E-Government Development Index) жаһандық рейтингіне сәйкес, Қазақстан 24-орын алады. Ал онлайн қызметтердің сапасы бойынша әлемдегі үздік ондыққа кіреді. Ендігі міндет — осы табысты тәжірибені кеңінен тарату. Астанада Халықаралық Aem.AI жасанды интеллект орталығы іске қосылды. Бұл талантты бағдарлама әзірлеушілер шоғырланған орталық қана емес, жасанды интеллект негізіндегі қолданбалы шешімдерді ойлап табатын әрі енгізетін аймақтағы басты алаң саналады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразия кеңістігіндегі көлік дәліздерін цифрландыруды тағы бір басымдық ретінде атады. Мемлекет басшысының айтуынша, Еуразияның көлік жүйесі Азия, Еуропа және Таяу Шығыстың басты нарықтарын байланыстыратын жоғары технологиялық халықаралық бағыттардан құралады.

— Бұл арада жалпы ұзындығы 50 мың шақырымнан асатын көлік дәліздерінің тұтас жүйесі туралы сөз болып отыр. Оның 10 мың шақырымнан астамы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Жаһандық сауда-экономика тізбегіндегі жетекші орнымызды сақтау үшін трансшекаралық инфрақұрылымды одан әрі дамыту және цифрландыру қажет. Ыңғайлы логистикалық шешімдер, жүкті тұрақты жеткізу мен өткізу жылдамдығы Еуразиялық экономикалық одақтағы транзит көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан өткен жылдың соңында біз Smart Cargo секілді құралдарды жүйелі түрде енгізе бастадық. «Бір терезе» қағидатымен қызмет ететін платформа аясында көлік дәліздерін цифрландыру жұмыстары қолға алынды. Қазақстанда көрші елдермен рұқсатнаманы электрондық бланкі форматында алмасу механизмі енгізілді. Одақ аясындағы ақпараттық жүйелерді өзара кіріктіру — уақыт талабы, — деді Мемлекет басшысы.

ЦИФРЛЫҚ БАСТАМАЛАР
ӨНДІРІСТІ АРТТЫРАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердегі өндіріс ошақтары мен агроөнеркәсіп кешенін цифрлық трансформациялаудың маңызына назар аударды. Президенттің пайымынша, экономиканы цифрландыру — технологиялық тренд қана емес, бәсекеге қабілетті болудың басты кепілі.

— Қазақстан бұл сынаққа ауқымды Цифрлық трансформация тұжырымдасын қабылдау арқылы жүйелі әрекеттермен жауап бермек. Өнеркәсіп секторы мен тау-кен және металлургия кешеніндегі роботтандыру, «бұлттық» шешімдер, ірі кәсіпорындардың «цифрлық телнұсқасы» өнімділікті ұлғайтып, шығынды азайтады. Ауыл шаруашылығын автоматтандыру мол

өнім жинауға, су үнемдеуге, қоршаған ортаға зиянды азайтуға септігін тигізеді. Мал шаруашылығына қағаз жүзіндегі құжат айналымынан бас тартып, есептің дәлдігін арттыратын бірқатар цифрлық жүйе енгізілді. Еліміздің түкпір-түкпірінде 650-ден астам «ақылды» фермалар жұмыс істеп тұр. Онда сиыр сауу, бордақылау және микроклиматты қадағалау үрдістері автоматтандырылған жүйелермен жабдықталған. Егін және тұқым шаруашылығында өнімді «егіс даласынан тұтынушы дастарқанына дейін» жеткізу тізбегін қадағалайтын жүйе енгізіліп жатыр. Тынғылықты жоспарлау мен цифрлық болжау мүмкіндіктерін пайдалану нәтижесінде, Қазақстанда екінші жыл қатарынан егін бітік шығып, 27 миллион тонна көлемінде астық жиналды. Бұл — рекордтық көрсеткіш, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті әлем экономикасы трансформацияланып жатқан кезеңде жаңа табыс көздерін іздеу тағы бір басымдық екенін атап өтті.

— Ұлттық экономикалардың ұзақмерзімді орнықтылығы мен болашақтағы орнын сайлауы жаңа технологиялық сын-қатерлерге жедел бейімделуіне тікелей байланысты. Бұл жөнінде біз кеше, Еуразиялық экономикалық форумның алғашқы күнінде егжей-тегжейлі талқыладық. Жаппай цифрландырудан бастап жасанды интеллектке дейінгі технологиялық прогресс толқыны бірінен соң бірі туындап жатыр. Осылайша, технологиядағы әрбір жаңа белес озық ойлы адамдарға мүмкіндік сыйлайтын келесі соны серпіліске негіз қалайды. Сарапшылардың пікірінше, алдағы 20 жылдың ішінде биотехнология, автономды жүйелер, ғарыш экономикасы, энергияны сақтау, кванттық есептеу секілді маңызды технологиялық үдерістердің тұтас легі пайда болады. Мәселен, ұзақмерзімді болжам бойынша 2035 жылға қарай әлемдік робот

техникасы нарығының көлемі 376 миллиард доллардан асады. Виртуалды шынайылық индустриясындағы қаржы айналымы 700 миллиард долларға жуықтайды. Әрине, біздің елдеріміз осы жаһандық жаңашылдықтардан кенже қалмауға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті ЕАЭО-ның сыртқы сауда-экономикалық әлеуетін іске асыру маңызды екенін айтты. Мемлекет басшысының пікірінше, Одақтың Араб әлемі, Оңтүстік-Шығыс Азия, Африка және Латын Америкасы елдерімен, сондай-ақ беделді өңірлік экономикалық бірлестіктермен байланыстарын одан әрі кеңейту қажет.

— Қазір Үндістанмен еркін сауда аймағын құру жөнінде келіссөздер белсенді жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыс басқа да қызмет бағыттары сияқты назар аударуға лайық. Менің ойымша, шағын құрамадағы кездесуде Беларусь Президенті өте дұрыс ұсыныс айтты. Еркін сауда аймағын құратын серіктестер де, сондай-ақ байқаушы мәртебесіне ие болатын елдер де мұқият таңдалуы қажет. Яғни бәрін бірдей емес, шын мәнінде белгілі бір талаптарға сай келетін және Еуразиялық экономикалық одаққа пайда әкелетін елдерді қабылдау керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан ЕАЭО органдарына төрағалығы аясында мүше мемлекеттердің ортақ экономикалық әлеуетін нығайтуға, орнықты дамуын қамтамасыз етуге алдағы уақытта да барынша жәрдемдесе беретінін мәлімдеді.

— Біз бірлесіп күш-жұмылдыра отырып, маңызды нәтижеге қол жеткізе аламыз және Одақ аясындағы ынтымақтастықты жаңа әрі сапалы деңгейге шығарамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Былтыр ЕАЭО қызметінің стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру жөніндегі ішаралар жоспарын табысты аяқтадық. Алдымызда Еуразиялық интеграцияны одан әрі дамыту туралы декларацияда қарастырылған көптеген міндет тұр. Сөз соңында алға қойған мақсаттарға жету жолында баршаның да табыс тілеймін, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Кеңес отырысына Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Армения Республикасының Вице-премьері Мгер Григорян және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев қатысты.

УАҒДАЛАСТЫҚТЫҢ
ЖАЛҒАСЫ

Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің қатысуымен Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жол картасына қол қою рәсімі өтті.

Аталған Жол картасы Қазақстан Президентінің 2025 жылы 14-15 қараша күндері Өзбекстанға жасаған мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтардың іс жүзіндегі жалғасы ретінде қабылданды.

Құжатқа өнеркәсіп, мұнай химиясы, логистика, металлургия, агроөнеркәсіп кешені, туризм және «жасыл» энергия салаларын қамтитын жаңа жобалар енді.



ПЕДАГОГТАРДЫ ҚОРҒАУ КҮШЕЙЕДІ



Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың жетекшілігімен өткен Палата отырысында сенаторлар күн тәртібіне енгізілген бірқатар заңды қарап, өзекті мәселелерге қатысты депутаттық сауалдарын жолдады. Жиында педагогтардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге бағытталған заңнамалық бастамалар да талқыланды.

Отырыста «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтанлығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» заң қаралып, мақұлданды. Құжат Қазақстан мен Оман арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға және қосарланған салық салуды жою арқылы инвестиция тартуға бағытталған.

Заңда резиденттік, тұрақты мекемелер, салық салынатын табыстарды бөлу (дивидендтер, пайыздар, роялтилер) мәселелері реттеліп, салық салуда кемсітушілікке жол бермеу кепілдігі қарастырылған. Сонымен қатар құжатта ақпарат алмасу, өзара келісу және жеңілдіктерді шектеу тәртібі бекітілді. Мұндай қадам екі елдің құқықтық базасын кеңейтіп, қосарланған салық салуды жоюға және халықаралық стандарттарға сай салықтан жалтаруға қарсы іс-қимылдың тиімділігі арттыруға мүмкіндік береді.

Отырыс барысында депутаттар «Еуразиялық экономикалық одақ пен үшінші тараптың (үшінші тараптардың) кедендік транзитінің бірыңғай жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды да мақұлдады. Аталған құжат нормалары Қазақстанның транзиттік хаб ретіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көздейді. Келісім Еуразиялық экономикалық одақ аумағы арқылы тауарларды транзиттік тасымалдау кезіндегі кедендік операцияларға қатысты құқықтық қатынастарды реттейді.

Күн тәртібінде қаралған келесі мәселелер – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар.

Осы заңдар арқылы мүдделер қактығысының алдын алу және оны реттеу тетігі енгізілді. Сондай-ақ аталған жағдайлардың алдын алу шараларын қабылдамағаны үшін жауапкершілік белгіленді. Бұдан басқа, цифрлық кадрлық жүйені енгізу, мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі кадрлық процестерді реттеу, бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдауға қатысты шектеулерді нақтылау мәселелері қамтылды. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар қатарын кеңейту, жақын туыстарының және өзге де байланысы бар тұлғалардың бірлескен қызметіне байланысты шектеулерді күшейту және мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі бақылау тәртібін жаңғырту қарастырылған.


Заңға сәйкес, білім беру органдарына мектептерде оқушылардың ұялы телефон пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту құзыреті беріледі. Жергілікті атқарушы органдар енді өңірлік олимпиада жеңімпаздарының республикалық деңгейдегі жалпы білім беретін пәндер олимпиадаларына, ғылыми жобалар байқауларына, орындаушылар конкурстарына, спорттық жарыстар мен кәсіби шеберлік байқауларына қатысуын қамтамасыз етуге міндетті болады.

Сондай-ақ енді педагогтар білім алушыларға қатысты оқыс оқиғалар үшін тек кәсіби қызметін атқару кезеңінде, оның ішінде білім беру қызметіне байланысты лауазымдық міндеттерін орындау барысында ғана жауапты болады. Бұдан бөлек, заңда педагогтар білім беру заңнамасында көзделмеген есептілік немесе ақпарат талап еткені, құжаттарды бір мезгілде қағаз және электронды форматта жүргізу міндетін жүктегені, сондай-ақ мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтарын кәсіби қызметіне қатысты жоқ мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларына тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Айна ХАСАН

КУБА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Еуразия экономикалық форумына қатысу үшін Астанаға келген Кубаның Вице-Президенті Сальвадор Вальдес Месамен кездесті. Тараптар парламентаралық байланысты нығайту, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты қатынастарды тереңдету мәселелерін талқылады.



Мәртебелі мейманды қарсы алған Мәжіліс Спикері Еуразия экономикалық одағының іс-шараларына белсене қатысқаны үшін Куба Вице-президентіне алғысын білдірді. Ерлан Қошанов Қазақстан мен Кубаның дипломатиялық қарым-қатынасына биыл 34 жыл толатынын атап өтті. Куба – елімізде өз елшілігін ашқан және дипломатиялық өкілдігін Астанаға көшірген алғашқы мемлекеттің бірі.

– Біз екі ел арасындағы өзара сенімге негізделген қарым-қатынас пен қолдауды жоғары бағалаймыз. Мемлекеттеріміздің басшылары түрлі алаңда бірнеше рет кездесті. Біздің Президентіміз 1995 жылы Қазақстанның Сыртқы істер министрі ретінде Гаванаға барғанының үлкен символдық мәні бар. Ал 2021 жылы Мемлекет басшысы ретінде Кубада Қазақстан Елшілігін ашу туралы Жарлыққа қол қойды. Бүгінде президенттер Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мигель Диас-Канель сенімді диалогты жалғастыруда, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасының айтуынша, екіжақты байланысты нығайтуда парламентаралық ынтымақтастықты дамытудың маңызы зор. Бұл ретте Қазақстан – Куба депутаттық достық топтары құрылып, заң шығару саласында тәжірибе алмасуды кеңейтудің, сондай-ақ парламентаралық ұйымдар аясында ықпалдастықты күшейтудің жоспары нақтыланған. Кездесуде Мәжіліс Спикері Кубаның Ұлттық халық билігі Ассамблеясының төрағасын Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Ерлан Қошанов Куба тарапына елімізде жүргізіліп жатқан саяси өзгерістер туралы мәлімет берді. Референдумда жаңа Халық Конституциясының қабылдануына ерекше назар аударылды. Азаматтардың жаңа сұраныстарын ескере отырып, Әділетті және Прогрессивті Қазақстан құруға бағдарланған Ата заң «Құшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» формуласы бойынша биліктің барлық тармағын қайта жаңғыртады. Сонымен қатар конституциялық реформа бір палаталы Парламентке – Құрылтайға көшуді, сондай-ақ Вице-Президент пен Қазақстан Халық Кеңесі институттарын құруды бекітті.

Өз кезегінде Сальвадор Вальдес Меса қонақжайлық танытқаны үшін Мәжіліс Төрағасына алғыс білдірді. Куба Вице-президенті Еуразия экономикалық форумы жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын және кең ауқымды өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік бергенін атап өтті. Ол сондай-ақ бүгінде Қазақстанның даму қарқыны жоғары, заманауи әрі серпінді ілгерілеп келе жатқан мемлекет ретінде өз орнын сенімді түрде нығайтып отырғанын айтты.

Кездесу барысында тараптар сауда, инвестиция, білім беру, туризм және спорт салаларындағы ынтымақтастық жайын талқылады. Екі ел халықтарының мүддесі үшін шарттық-құқықтық базаны дәйекті түрде кеңейту қажеттігіне ерекше назар аударылды.

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ БЕКІДІ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Бірінші оқылымда депутаттар бастамашы болған «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасын, сондай-ақ оның «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заң мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілесіп түзетулерді қарау ұсынылады. Құжаттар Мемлекет басшысының биылғы жылғы 17 наурызда жаңа Конституцияның қабылдануына орай кешенді қылмыстық және әкімшілік рақымшылық жасау туралы тапсырмасын орындау үшін әзірленді. Заң жобалары қылмыстық заңнаманы ізгілендіруге, сондай-ақ әкімшілік әділет шеңберінде халықтың борыштық жүктемесін азайтуға бағытталған.

Бұл ретте қылмыстық рақымшылық жасау әрекетін қолданбау ұсынылатын қылмыстардың тізбесі айқындалды. Рақымшылық жасау туралы түпкілікті шешімді сот әрбір сотталған адамға қатысты жеке қабылдайды.

Бұдан бөлек, депутаттар селекция және асылдандыру жұмыстарын жетілдіруге, араларды қорғау мен көбейту үшін жағдай жасауға, сондай-ақ ара шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыруға бағытталған ара шаруашылығы мәселелері жөніндегі заң жобасын талқылайды.

Салалық комитет қорытынды дайындау үшін Қазақстан мен Өзбекстан Үкіметтері арасындағы екі елдің кеден қызметі өкілдіктерін ашу туралы келісімді жұмысқа қабылдайды.

МӘЖІЛІС

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар экологиялық мәселелер, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру, халықтың көші-қоны мәселелері туралы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Екінші оқылымда цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері жөніндегі бірқатар заң қабылдады. Бұдан бөлек, Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға қатысты заң қабылданып, БҰҰ және Өзбекстанмен арадағы ынтымақтастық аясындағы келісімдер ратификацияланды.

Экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар жобасын Парламент депутаттары экологиялық заңнаманы жетілдіру, реттеудегі жүйелі оқылықтарды жою, цифрлық шешімдерді енгізу, сондай-ақ экологиялық бақылау мен қалдықтарды басқаруды тиімді тетіктерін қалыптастыру үшін әзірледі. Заң жобасының нормаларын Мәжілістегі Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы, бастама авторларының бірі Еділ Жаңбыршин таныстырды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің алдына ауқымды стратегиялық міндеттер қойды. 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу, экологиялық тұрақты дамуды қамтамасыз ету, орман алқаптарын ұлғайту және елді мекендерді қорғандыру қажет. Бұл жай ғана экологиялық ұран емес. Бұл — Қазақстанның жаңа экономикалық даму моделінің негізі. Алайда мұндай міндеттерді іске асыру үшін заманауи, нақты әрі тиімді жұмыс істейтін заңнамалық база керек, — деді депутат.

Комитет төрағасының айтуынша, депутаттар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің функцияларын жаңғыртуды ұсынды. Оның құрамына негізгі кадастрлар мен тізілімдер, эмиссияларды автоматтандырылған мониторингтеу жүйелерінің деректері мен өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есептілік кіреді. Осылайша, мониторингтің нақты деректері бірыңғай цифрлық жүйеге шоғырландырылады, бұл экологиялық есептілікті жасыруға, мәліметтерді бұрмалауға жол бермейді.

Бұдан бөлек, орман және жайылым көміртектік офсеттері ұғымдары енгізіледі. Инвесторлар мемлекеттік орман қоры жерлерінде және босалқы жерлерде жаңадан орман егу мақсатымен орман иеленушілерімен тікелей шарт жасай алады. Осындай жобалар нәтижесінде алынған көміртектік бірліктері нарықта сатылуы мүмкін. Сонымен қатар олардың бір бөлігі Қазақстанның жалпыұлттық айқындалған үлесіне есепке алынады.

Заң жобасының басқа да нормаларында әкімдіктерге рұқсат етілмеген коқыс үйінділерін жою және қатты тұрмыстық қалдықтарға қатысты шекті тариф бекіту өкілеттіктерін беру, қосымша бюджеттен тыс кіріс алу үшін ұлттық гидрометеорологиялық қызметті реформалау, сондай-ақ «жасыл» қаржыландыру мен экологиялық сақтандыру тетіктерін жетілдіру көзделген. Бұған қоса, норматив-

тен тыс эмиссиялар үшін жауапкершілік кезеңі нақтыланады. Осыған байланысты нормадан тыс әсер ету кезеңі соңғы өндірістік экологиялық бақылау жүргізілген күннен бастап есептеледі. Егер өндірісте май, қаптама және аккумулятор өндірушілер Қазақстанда қайта өңделген кемінде 30% қайталама шикізатты пайдаланса, оларды өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері талабынан босату ұсынылады.

Талқылау барысында депутаттар экологиялық жүктемесі жоғары өңірлердің тұрғындарын әлеуметтік қорғауға, зансыз коқыс үйінділерін мониторингілеуге және жоюға, сондай-ақ қауіпті қалдықтарға қатысты жұмысты реттеуге және осы саладағы бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қатаңдатуға қатысты бірқатар проблемалық мәселе көтерді. Экологиялық инспекторлардың алдын ала ескертусіз тексерулер жүргізу құқығы қарастырылған түзету төңірегінде қызу пікірталас өрбіді.

Депутаттар аталған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады. Құжатты одан әрі қарастыру депутат Ажар Сағандықованың жетекшілігімен өтетін жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Сондай-ақ Сенат депутаттары бастамашы болған техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру, халықтың көші-қоны мәселелері туралы заңнамалық түзетулер бірінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасын әріптестеріне сенатор Амангелді Есбай таныстырды.

Кәсіптік біліктілік саласындағы өзгерістерге келетін болсақ, тану орталықтарын аккредиттеу функцияларын «Атамекен» ҰҚП-дан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне беру жоспарланып отыр. Ал Ұлттық біліктілік жүйесіне қатысушылардың құрамына әкімдіктерді қосып, ондағы аккредиттеу органдарын қызметкерлердің өкілдерімен алмастыру ұсынылады. Түзетулердің жеке блогы көші-қон саясатына қатысты. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін азаматтардың жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге ерікті түрде қоныс аудару тәртібін айқындау және оған жәрдемдесу ұсынылады.

Екінші оқылымға дайындау үшін құжат Мәжіліс депутаты Айна Мысырәлімованың жетекшілігімен жұмыс тобында одан әрі талқыланады.

Жалпы отырыс барысында «Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға



Қазақстан Республикасының ескертпесін және мәлімдемесін алып тастау туралы» заң қабылданды. Құжатты депутаттарға Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Бақаев таныстырды.

Бұған дейін 2020 жылы конвенцияны ратификациялау кезінде Қазақстан кейбір артықшылықтар мен иммунитеттер ел азаматтарына қолданылмайтынын көрсеткен болатын, сондай-ақ «кедендік алымдар» термині ұлттық заңнамаға сәйкес қолданылатынын бөлек мәлімдеген еді.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Максим Рожин қосымша баяндамасында атап өткендей, қазіргі ескертпе мен мәлімдеме конвенцияның біздің еліміз үшін күшіне енуіне кедергі келтіреді, себебі оның негізгі ережелеріне әсер етеді. Сол үшін бірқатар мамандандырылған мекеме оларды қабылдаған жоқ. Заңның қабылдануы конвенцияның Қазақстанда толыққанды қолданылуын қамтамасыз етуге және елге БҰҰ жүйесінің жаңа кеңселері мен жобаларын тартуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Мәжіліс Қазақстанда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы Біріккен Ұлттар Ұйымымен Келісімді және Меморандумды ратификациялады.

Сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстан Үкіметтері арасындағы Қазақстан — Өзбекстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісім ратификацияланды. Құжатты депутаттарға Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары, Шекара қызметінің директоры Ерлан Алдажұманов таныстырды.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Дәулет Тұрлыханов келісімнің негізгі мақсаты мемлекеттік шекарада тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, транзиттік жүк пен жолаушылар ағынының кедергісіз өтуіне қолайлы жағдай жасау екенін айтты. Құжат сондай-ақ заңсыз көші-қон, контрабанда және трансшекаралық қылмыстардың алдын алу, сондай-ақ шекара манындағы өңірлерде тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Оны ратификациялау өңірлік сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға қосымша серпін береді.

Мәжіліс цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері жөніндегі

депутаттық заңды екінші оқылымда қабылдады.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляеваның айтуынша, түзетулер шеңберінде автотексттердің қызметіне мемлекеттік бақылауды күшейту, жедел жәрдем көліктеріне және жолаушылар автобустарына құқықбұзушылықтарды тіркейтін құрылғылар қою ұсынылады. Бұдан бөлек, электромобильдерге жасыл нөмірлік белгілер орнатылады, ал электровелосипедтер мопедтермен қатар есепке алынуға тиіс болады.

Екінші оқылымда телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері туралы заң да қабылданды. Құжат байланыс инфрақұрылымын дамытуға, перспективалық телекоммуникациялық технологияларды енгізуге және халықты сапалы ұялы байланыс қызметтерімен, соның ішінде жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз етуге бағытталған.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Руслан Қожасбаевтың дерегі бойынша, түзетулер аясында байланыс қондырғылары, оның ішінде антенна-бағана қондырғылары мен ортақ пайдалану тіректері үшін жеручаскелерін беру тәртібі жеңілдейді.

Депутаттар бастамашы болған машина жасау мен көлікті дамыту мәселелеріне қатысты түзетулер де екінші оқылымнан өтті. Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Мұқаш Ескендіров заң шеңберінде мемлекеттік қолдау көрсетілетін өнеркәсіптік кластерлер институты, сондай-ақ ішкі сұранысты қамтамасыз ететін өндірістік қуат болған жағдайда жаңа жобаларға мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсетуге жол бермеуге бағытталған өндірістік қуаттар теңгерімін бағалау тетігі енгізілетінін айтты.

Депутаттар әзірлеген жаңуарлар дүниесі, орман және аңшылық шаруашылығы мен кәсіпкерлік мәселелері туралы заң Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ілеспе түзетулерімен екінші оқылымда қабылданды. Құжатты Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Аян Зейнуллин таныстырды. Мәселен, туризм саласындағы инвестиция көлемі кемінде 2 млн айлық есептік көрсеткішті құрайтын жобалар экологиялық туризмнің ұлттық стандарттарына сәйкес келген кезде туризм саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру үшін шаруашы-

лық қызметтің шектеулі режимін белгілей отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлері босалқы жерлерге ауыстырылуы мүмкін. Жеке және заңды тұлғалар орманды күзету, қорғау және өсімін молайту бойынша міндеттемелерді қабылдай отырып, сүректі терең өңдеу жөніндегі ірі жобаларды іске асыру, сондай-ақ үлкен орман өртінің салдарын жою үшін ұзақ мерзімді орманды пайдалану мүмкіндігін алады.

Бұған қоса, Президент тапсырмасын орындау аясында депутаттар жаңуарларға қатыгездік танытуға қатысты жауапкершілікті қатаңдату ұсынды. Осыған байланысты жаңуарларға қасақана зиян келтіргені, жарақаттағаны немесе өлтіргені үшін іс-әрекеттің ауырлық дәрежесіне қарай әкімшілік айыппұл өлденесе есе ұлғайды. Қайталанған немесе ауыр іс-әрекет тіркелген жағдайдағы қылмыстық жауапкершілік те күшейеді.

Сондай-ақ екінші оқылымда «Кредиттік рейтинг қызметі туралы» депутаттық заң ілесіле түзетулерімен қабылданды. Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы, жұмыс тобының жетекшісі Татьяна Савельева айтқандай, құжат шеңберінде рейтингтік қызметтің негізгі қағидаттары, соның ішінде ашықтыққа, рейтингтердің сапасына қойылатын талаптар, мүдделер қақтығысының алдын алу және ақпараттың құпиялылығы белгіленеді. Сондай-ақ кредиттік рейтингтік агенттіктердің қызметіне, олардың капиталына, бағалау әдіснамаларына және халықаралық және шетелдік рейтингтік агенттіктерді тану тәртібіне қойылатын талаптар айқындалады.

Бұдан бөлек, Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті елшіліктердің, сондай-ақ екі елдің Төтенше және өкілетті елшілері резиденцияларының мұқтажықтары үшін Астана және Бішкек қалаларында ғимараттар мен жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы Қазақстан мен Қырғызстан үкіметтері арасындағы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыс соңында депутаттар мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша 14 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-каналында жарияланды.

М.ТӨЛЕУ

БАҒДАР

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

«АШЫҚ МИКРОФОН»: ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛДІ



Елордадағы №103 мектеп қабырғасында Астана қаласы мәслихатының депутаттары тұрғындармен кезекті есептік кездесу өткізді. Ашық форматта ұйымдастырылған бұл жүздесу азаматтармен тікелей диалог орнатуға мүмкіндік берді.

Кездесуге Астана қаласы мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Ғабит Тәжімұратов, Астана

қаласы мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Сәуле Самидин және «AMANAT» партиясы Есіл

аудандық филиалының төрағасы Санира Жүсіпова қатысты.

Заманауи форматта ұйымдастырылған «Ашық микрофон» кездесуі барысында тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын жедел қабылдау мақсатында QR-код арқылы өтінім беру жүйесі енгізілді. Сонымен қатар арнайы хабарландырулар таратылып, азаматтармен тікелей байланыс орнатылды. Осылайша, жиында партия филиалының атқарған жұмысы баяндалып, тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің шешілу барысына назар аударылды.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Есіл аудандық филиалының төрағасы Санира Жүсіпова партия жұмысы жаңа форматта ұйымдастырылып жатқанын атап өтті.

«Аудан аумағындағы барлық ПИК пен тұрғындар чаттарында көтерілген мәселелердің назардан тыс қалмауы мақсатында жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Бүгінде мұндай кездесулерге 300-ден астам тұрғын қатысып, өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіруде. Ең бастысы, Есіл ауданы аумағында

«AMANAT» партиясы тұрғындармен бірлесе жүзеге асырған жол картасы 100 пайыз орындалды. Мәселен, газдандыру мәселесі толық шешімін тапты. Атап айтқанда, Тельман және Шұбар шағынаудандары толық табиғи газға қосылды», — деді Санира Жүсіпова.

Оның айтуынша, партия жұмысының басты ерекшелігі — тұрғындармен тек ғимарат ішінде ғана емес, азаматтарға ыңғайлы форматта аулаларда, әлеуметтік нысандарда және ашық алаңдарда кездесулер өткізу. Осы жүздесулер әкімшілік өкілдерімен және басқарма басшыларымен бірлесіп ұйымдастырылып, тұрғындардың мәселелерін ашық әрі тиімді талқылауға мүмкіндік берді.

Осы орайда, депутат Ғабит Тәжімұратов тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер оң шешімін тауып жатқанын жеткізді.

«Осы тоқсанда тұрғындармен 5 кездесу өткіздім. Оның барысында көтерілген мәселелер бүгінде өз шешімін табуда. Атап айтқанда, «Орман парк» және «Пригородный» тұрғындарын

толғандырған бірқатар өзекті мәселе мемлекеттік бағдарламалар аясында шешілді. Сонымен қатар тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстар мен мәселелер жеке жол картаға енгізіліп, кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда», — деді халық қалаулысы.

Бұл ретте, депутат Сәуле Самидин тұрғындармен тұрақты байланыс орнатудың маңызына тоқталды.

«Азаматтармен тұрақты байланыс орнату мақсатында WhatsApp желісінде «Активист» чаты ашылды. Аталған чатта осы шағынаудан тұрғындары өздерін толғандырған өзекті мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын білдіруде. Соның бірі — Ұлы дала даңғылы мен Жошы хан көшесіндегі жол құрылысына қатысты мәселе. Осы жағдай қала әкімінің назарына жеткізіліп, нәтижесінде тиісті қаржы бөлінді. Бүгінде бұл мәселе оң шешімін табуда», — деді депутат.

Жиын барысында тұрғындар өз сауалдарын жолдап, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Кездесуге қатысқан басқарма басшылары азаматтардың сұрақтарына жауап беріп, бірқатар мәселенің нақты шешу жолдарын ұсынды.

Кездесу соңында ауданның қоғамдық өміріне белсенді араласып жүрген ПИК және МИБ төрағалары, мердігер ұйым өкілдері мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері марапатталды.



ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында еліміздің барлық өңірінде «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өткізілуде. Бұл бастама азаматтар арасындағы экологиялық мәдениетті нығайтуға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталып отыр.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облысында «AMANAT» партиясы Риддер қалалық филиалы ауған соғысы ардагерлеріне арналған сквер аумағын тазалау жұмысын ұйымдастырды. Іс-шараға жастар

канаты қатарындағы 50-ден астам партияластар қатысты. Нәтижесінде, шамамен бір тонна қоқыс жиналды. Мұндай іс-шаралар қала тазалығын арттырып қана қоймай, тұрғындарды қоршаған

ортаны қорғау жолындағы ортақ мақсат төңірегінде топтастырады.

Қарағанды облысы Теміртау қаласында «Жағалау учаскесі» қоғамдық жағажайы аумағында тазалық жұмысы жүргізілді. Эко-

логиялық іс-шараға 30 адам қатысты. Олардың қатарында белсенділер, депутаттар және жастар қауымы бар. Іс-шараға атсалысқан Теміртау қалалық мәслихатының депутаты Асқар Ахметов экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен қоршаған ортаның тазалығын сақтау ісіндегі тұрғындар белсенділігінің маңызын атап өтті.

«Мұндай экологиялық акциялар тұрғындарды тазалық сақтау және қоршаған ортаға ұқыпты қарау сынды ортақ мақсатқа жұмылдырады. Әрбір азамат туған қаласын көркейтуге және келешек ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға үлес қосады», — деді Асқар Ахметов.

«AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының бастамасымен және облыстық мәслихат депутаты Валерий Крыловтың қолдауымен Орал қаласында қурап қалған ағаштарды кесу, ағаштарды әктеу, қоқыс

жинау және балалар ойын алаңдарын жанарту жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға партия белсенділері, қала тұрғындары және «Жастар Рухы» жастар қанатының еріктілері қатысты.

«Бүгін біздің аулада тазалық акциясы аясында абаттандыру жұмысы жүргізілді. Партия бастамасымен ұйымдастырылған акцияға белсенді атсалысқан жұмысшылар мен еріктілерге алғысымызды білдіреміз. Бұл нақты адамдар үшін жасалып жатқан нақты әрекет деп білемін», — деді қала тұрғыны Наталья Глухова.

«Таза бейсенбі» акциясы азаматтардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға, табиғатқа жанашырлықпен қарау мәдениетін қалыптастыруға және жайлы қалалық орта құруға бағытталып отыр. Ұйымдастырушылардың айтуынша, өңірлердегі экологиялық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.



Бетті дайындаған Тілек ҚАБЫЛ

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Жиырмасыншы ғасырдағы ашаршылық пен қуғын-сүргіннің тарихи, саяси, демографиялық салдары біршама зерттелгенімен, оның қазақ психологиясына тигізген әсері әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда толыққанды зерделене қойған жоқ. Қолдан жасалған ашаршылықта миллиондаған адамның өмірін қиған, жүз мыңдаған жанды қуғынға салған, ГУЛАГ сияқты жазалау орталықтарын орнатқан тоталитарлық жүйе қазіргі қоғамға, ұлттық мінез-құлыққа, ұрпақаралық байланысқа қалай ықпал етті?

Осы мәселе жайында «Клиникалық және әлеуметтік психология» бағдарламасының PhD докторанты, психикалық жарақаттардың салдарын зерттеуші және сот психологы, «Қазақтың жазылмаған психологиясы», Perzent, «Кеңес балаларының бітпеген жұты» кітаптарының авторы Нұргүл Молдабайқызымен әңгімелескен едік.

Сұхбат барысында спикер бұл тақырыпқа «ұлттық диагноз» ретінде қарау ғылыми тұрғыдан қате екенін, мәселені нақты тарихи деректер мен халықаралық ұжымдық жарақат теориялары (Дж. Александер, К.Эриксон, Я.Даниели, Я.Ассманн, Е.Черепанова және т.б.) аясында сақтықпен қарастыру қажет екенін алға тартады. Себебі маманның пікірінше, Қазақстанда бұл оқиғалардың психологиялық зардаптарын анық өлшейтін кең ауқымды зерттеулер жоқ, сондықтан сұхбатта айтылған пайымдарды болашақтағы іргелі еңбектерге жол ашатын қорытындылар деп қабылдаған дұрыс.

«Сұхбаттағы жауаптар тарих, әлеуметтік психология, психотравматология, ұжымдық жад және посткеңестік қоғамдар туралы академиялық еңбектерге сүйенеді; ал нақты ғылыми тұжырымдар тәу келешектің еншісінде», – деп ескертеді ғалым.

– Нұргүл Молдабайқызы, ашаршылық пен қуғын-сүргінді біз көбінесе тарихи-саяси тұрғыдан бағалап үйренгенбіз. Ал қазақтың психологиялық портретінде бұл нәубеттер қандай із қалдыруы мүмкін? Ұлттық мінез-құлқымыздан осы оқиғалардың көрінісі байқала ма?

– Иә, ашаршылық пен қуғын-сүргін қазақтың психологиялық портретінде із қалдырды деуге ғылыми негіз бар. Бірақ мұны «қазақ табиғатынан қорқақ» не «үндемес халық» деген қарабайыр тұжырыммен емес, ұжымдық жарақат, ұжымдық жад, тарихи үнсіздік және бейімделу стратегияларының тілімен түсіндірген дұрысырақ. Ұжымдық жарақат теорияларына сәйкес, ірі апат қоғамның тек адам шығынын көбейтпейді; ол сол қоғамның өзін-өзі қалай түсінетінін, қауіпті қалай сезетінін, болашақты қалай елестететінін өзгертеді. Ұжымдық жарақатты тек тарихтағы қорқынышты оқиға емес, қайта-қайта еске түсіп, ұжымдық жадта үздіксіз қайта құрастырылатын мәндік дағдарыс деп ұғамыз. Ашаршылықты бастан кешкендердің естеліктері «өлім» мен «шектен тыс сұмдық» бейнелерімен таңбаланғанын ескерсек, бұл – тек сандық шығын емес, бүкіл дүниені және мемлекетпен қатынасты қауіпке толы кеңестік ретінде сезінуге итермелеген тәжірибе. Ал ашаршылық туралы шолулар мен геноцид тарихы жөніндегі еңбектер оның демографияны, отырықшылануды және мәдени ортаны түбегейлі өзгерткенін айтады. Мұндай ауқымдағы зорлық-зомбылықтан кейін сақтық, артық сойлеу, тәуекелден қашу, «алдымен аман қалу» логикасы, ауырлықты ішке бұғу сияқты «үйреншікті дәрменсіздік» (Селигман теориясы) феномені басым мінез үлгілерінің қалыптасуы қисынды. Бұл ұлттық «ақау» емес; бұл – аман қалу психологиясы.

Осы тұрғыдан қарағанда, бүгінгі ұлттық мінезден кейбір көріністерді байқауға болады, бірақ оларды біржақты биологиялық не «мәңгілік қасиет» деп түсінуге болмайды. Мұндай көріністердің қатарына: әлеуметтік қауіпсіздікке жоғары сезімталдық, отбасы ішіндегі төзімділікті артық бағалау, қиындықты жария қылмай «көтеріп кетуге» бейімділік, билікпен тікелей қатынастан гөрі жанама жол іздеу, бөтен адамға тез ашылмау, «жұрт не дейді?» деген сыртқы бақылауға сезімталдықты жатқызып, мәселені, ең алдымен, әлемді қауіпсіздікпен өлшеу үрдісі призмасында қарастыруға болады. Бірақ ғылымда маңызды бір шектеу бар: мұның бәрін дәл қазір «қазақтың барлық тобына тән» деп өлшеп берген ұлттық психологиялық карта жоқ. Сондықтан бұлар – нақты психологиялық мегасауалнама нәтижесінен шыққан штамп емес, Қазақстандағы тарихи апат, кейінгі үнсіздік және посткеңестік қоғамдар туралы белгілі заңдылықтардың тоғысқан жерінен шыққан ықтимал қорытындылар. Бұған қоса қасірет тек әлсіздік емес, қарсы ресурстар да қалдырады: олардың қатарында туыстық желілерге сүйену, өзара жәрдем, төзім,

Нұргүл МОЛДАБАЙҚЫЗЫ:

ПСИХОЛОГИЯ ТІЛІ МЕН ТҮЙІСКЕН

күйзелісте де тіршілікті жалғастыру қабілеті сияқты эмпатияға негізделген қасиеттерді айта аламыз. Ұжымдық жарақат қазақтың психологиялық портретіне тек қорқыныш емес, төзімділік пен тірі қалу этикасын да сіндірген болуы ықтимал.

– Жиырмасыншы ғасырдағы жаппай ұжымдастыру, ашаршылық, саяси террор кезеңдері халықтың рухын жасытты ма, қалай ойлайсыз? Қазіргі қоғамда кездесетін биліктен қорқу, өз құқығын қорғай алмау секілді әлеуметтік құбылыстарды осы ұжымдық жарақаттың салдары деп қарастыруға бола ма?

– Иә, жиырмасыншы ғасырдағы ұжымдастыру, ашаршылық және қуғын-сүргін халықтың рухын белгілі бір дәрежеде жасытты деуге ғылыми негіз бар. Бірақ «рух толық сындырылды» деу дұрыс емес; дұрысы, бұл оқиғалар қоғамда дербестік пен қауіпсіздік сезімін әлсіретіп, бейімделудің репрессивті үлгілерін күшейтті деген жөн. Авторитарлық режимдер туралы психологияда (Е.Черепанов) репрессияның негізгі функциясы азаматтарға қорқыныш сіндіріп, мінез-құлықты бақылау екенін көрсетеді. Автократия және тоталитарлық режимдер жаппай қолдауды екі жолмен ұстайды дейді: қорқыныш және легитимация (Нойндорф). Қорқыныш азаматтарды өзін-өзі цензурауға, тәуекелді барынша азайтуға, талапты ашық айтпауға итермелейді. Қазақстан контекстінде бұл тек теория емес. Ашаршылықта аман қалудың өзі мемлекетпен тікелей қатынастан қашуды талап етті; қуғын-сүргін кезеңінде артық сөз, «қате» таныстық, «қате» пікір өмірді құртуы мүмкін болды. Шығыс Еуропадағы тарихи жарақат туралы кейбір еңбектерде (Меркер) сталиндік және постсталиндік қысымнан кейінгі қалдықтардың бірі ретінде «үйреншікті дәрменсіздік», азаматтық құндылықтардың, азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық сана сезімінің әлсіздігі сияқты құбылыстар талқыланады. Яғни биліктің алдында өзін дәрменсіз сезіну, қоғамдық іске араласуға селкостық және «өз күніне қара» психологиясы репрессиядан кейін ұзақ сақталуы мүмкін.

Сондықтан қазіргі қоғамда кездесетін биліктен қорқу, өз құқығын қорғай алмау сияқты құбылыстарды «ұжымдық жарақаттың салдары» деп ішінара қарастыруға үш себеп бар. Біріншісі – тарихи деңгей: тарихтағы зорлық азаматтың «билікке қарсы тұру қауіпті» деген базальды скриптің қалыптасуы мүмкін. Екіншісі – әлеуметтік қабат: бұл скрипт отбасында, мектепте, қызмет орнында, «бас аман болсын» дейтін кеңестік-посткеңестік күнделікті мәдениетте ұрпақтан-ұрпаққа көшуі мүмкін.



«қазақ бір-біріне сенбейді» деген абсолют пікір емес. Қазақ қоғамында туыстық жәрдем, қонақжайлық, ағайынға сүйену сияқты мықты сенім аймақтары бар. Бірақ репрессиядан кейін сенім көбіне тар шеңберге шоғырланып, кең қоғамдық деңгейге аз тараған болуы мүмкін. Яғни репрессия өзара сенімді түгел жойып жіберген жоқ; ол оны туыстық пен жақындық аясында қалдырып, бейтанысқа бағытталған қоғамдық сенімді әлсіретті.

– Репрессия жылдары халқымыз беткеушар зиялыларынан айырылды. Ұлттық басқару элитасындағы мұндай бос кеңестік қазақтың қоғамдық-саяси санасында қалай көрініс тапты?

– Репрессия жылдары ұлттық зиялылардың, әсіресе Алаш қайраткерлерінің жойылуы қазақтың қоғамдық-саяси санасында өте ауыр вакуум тудыруы әбден мүмкін. Бұл вакуумның мәні тек «жақсы адамдардан айырылды» дегенде емес. Мемлекет құру, құқық тілі, ұлттық білім, баспасөз, тарихи сана, саяси өкілдік және қоғамды қазіргі заманға өз тілінде түсіндіру қабілетіне де ықпалы болуы ықтимал. Алаш қозғалысын зерттеген еңбектер оның қазақ ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда, саяси

Үшіншісі – институционалдық қабат: егер бүгін де азамат өзінің дауысы нәтиже беретініне толық сенбесе, өткен жарақат қайта жаңғырады. Демек, «құқығын қорғай алмайды, өйткені тарихи жарақаттан әлі шықпаған» деу тым жеңіл. Дұрыс тұжырым мынау: тарихи жарақат адамның тәуекел шегін төмендетті, ал қазіргі құқықтық және саяси органдың сапасы бұл мұраны не әлсіретеді, не күшейтеді. Сондықтан салдарды мойындау керек, бірақ халықты кінәлап, «біз сондай халықпыз» деуге болмайды.

– Адамдар қуғын-сүргін жылдары аман қалу үшін бір-бірін көрсету, домалақ арыз жазу сияқты түрлі қадамға барғаны белгілі. Бұл қоғамдағы өзара сенім деңгейіне қаншалықты әсер етті?

– Иә, аман қалу үшін бірін-бірі көрсету, домалақ арыз жазу, көрші мен әріптестен күдіктену тәрізді тәжірибелер қоғамдағы өзара сенім деңгейіне өте күшті соққы берген. Мұндай әсерді жай «моральдық құлдырау» деп емес, қорқынышқа негізделген әлеуметтік инженерия деп түсіну керек. Сенім мен сенімсіздік туралы кейбір кеңестік еңбектерде 1930-1940 жылдардағы репрессиялардың жойқын күшін түсіндіретін шешуші фактордың бірі «жалпылама әлеуметтік сенімсіздіктің оттай таралуы» болғаны айтылады (Джеффри Алан Хоскинг). Онда сенім мен сенімсіздік дилеммасы көпшілік кеңес азаматтарының күнделікті басты мәселесіне айналғаны, бұл құбылыс кейінгі онжылдықтарда бәсеңдегенімен, кеңестік кеңестікте тұрақты із қалдырғаны атап өтеледі. Яғни жүйе тек адамдарды жазалап қана қойған жоқ; ол адамдардың бір-біріне сену қабілетін жүйелі түрде бұзды. Қазақстандағы репрессия туралы еңбектер де 1937-1938 жылдары үрей, сатқындық, бірін-бірі айыптау, «ұлтшыл», «халық жауы» сияқты таңбалардың кең таралғанын көрсетеді. Осы тәжірибеде ең қауіптісі – зұлымдықтың тек мемлекеттен келмеуі. Ол көрші, әріптес, туыс, ауылдас арқылы да келуі мүмкін деген түсінік қалыптасты. Мұндай қоғамда базальды әлеуметтік қағида «адамға сен» емес, «абай бол» деген ұранға айналады. Сондықтан Қазақстандағы өзара сенімнің кейде әлсіз болуы, көлденен байланыстардың тез ыдырауы, ашық кооперациядан гөрі жабық таныстық шеңберіне сүйену, «артық ашылма» деген ұстанымның ұрпақтан-ұрпаққа ауысуы кездейсоқ емес. Тағы да нақтылаймын: бұл

автономия идеяларын дамытуда және білім, баспасөз арқылы қоғамды ұйыстыруда шешуші рөл атқарғанын көрсетеді. Егер осындай интеллектуалдық өзек жаппай атылып, айдалып, қорқытылып, қоғамдық кеңестіктен қуылса, оның орны тек кадр тапшылығынан емес, мағыналық тапшылықтан де білінеді. Қоғам өзін кім басқара алады, мемлекетті қалай қабылдау керек, ұлтқа қызмет етудің саяси тілі қандай болуға тиіс деген сұрақтарға өз ішінен толық жауап бере алмай қалады. Қазақ қоғамындағы бұл вакуум бірнеше түрде көрінуі мүмкін. Алдымен мемлекет пен халық арасындағы медиация үзілді. Зиялылар тек кітап жазатын адамдар емес, олар – қоғамға күрделі құбылыстарды түсіндіріп, халықтың эмоциясын саяси тілге айналдырып, билікпен арадағы көпір бола алатын қабат. Келесі мәселе, ұлттық амбицияның өзі қауіпті нәрсе ретінде кодталды. Яғни «ерекше ойлау», «алға шығу», «ел үшін бөлек сөйлеу» құрмет емес, қауіп көзі деген тарихи сабақ қалды. Мұның ұзақмерзімді салдары ретінде конформизм, саяси лидерге сенімсіздік, «тым белсенді адамнан» күдіктену секілді эмоциялық реакциялар қалыптасуы мүмкін. Бізде бұл салдарды дәл өлшеген ұлттық психологиялық құралдар жоқ.

– Тарихтағы қасап құрғындар елдегі ең мықты, ең белсенді, ең білімді қауымның басын жұтады деген тұжырым бар. Ғылымда мұны «кері селекция» деп атап жатады. Осындай демографиялық соққыға ұшыраған ұлттың мінез-құлқында қандай да бір ақаулар бола ма?

– «Кері селекция» тұжырымы әлеуметтік-психологиялық және мәдени іріктелу процесіне қатысты, «ұлттың мінезінде ақау пайда болады» деп оны биологиялық не моральдық тұрғыда түсіндіру қате. Ғылыми тұрғыдан дұрысы – жаппай зорлық белсенді, білімді, беделді, ұйымдастыра алатын, тәуелсіз ойлайтын топтарды пропорционалды түрде көбірек құрбан етсе, қоғамның адам капиталы, үлгі ететін тұлғалары, тәуекелге баратын қабаттары және әлеуметтік үйрету арналары әлсірейді деу. Жоғары білімі бар топтарға бағытталған құдалаулар ұрпақтар сабақтастығындағы дағды мен білім беруді үзуі мүмкін. Ашаршылықта қарттардың, дәстүр тасымалдаушыларының, мал шаруашылығы мен көшпелі экологияны білетіндердің, ал қуғын-сүргінде саяси және мәдени интеллигенцияның, дін иелерінің, оқығандардың жоғалуы – қоғамның сапа-

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

лық құрылымына «тәуекел етпе, байқалма, тым білімді болып көрінбе, өзінді қорғашта» деген жасырын әлеуметтік норманы енгізуі мүмкін. Бұл – «ақау» емес, ортаға бейімделу. Мұндай демографиялық соққы ұлттың мінез-құлқында «аномалия» емес, бірақ ұзақ институционалдық және әлеуметтік салдар қалдырады. Ол салдар тәуекелден қашу, формализм, жоғары бастамаға сенбеу, бейресми таныстыққа арқа сүйеу, білім мен белсенділіктің қоғамдық беделін әлсірету түрінде көрінуі мүмкін. Бұған соғыс тудырған ер адамдар тапшылығы мен отбасы құрылымының өзгеруі де қосылған. Соғыс салдарынан туындаған ерлер тапшылығы туралы Ресей бойынша зерттеу ер адамдар азыған ортада әйелдердің көбірек жұмыс істеуге, адами капиталға көбірек инвестиция салуға мәжбүр болғанын және мұндай гендерлік нормалардың ұзақ сақталатынын көрсетті.

– **Ашаршылық пен қуғын-сүргінді көрген буынның бойындағы суықтық, қаталдық, эмоциясын сыртқа шығармау т.б. психологиялық ерекшеліктері кейінгі ұрпаққа ауысуы мүмкін бе? Қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық, әлеуметтік желідегі агрессияның астарында сол кезден қалған жарақаттардың ізі жатыр деп айта аламыз ба?**

үстемдік ету, ал әлсіз болу дегенді бағыну ретінде қабылдай бастайды. Ролло Мэй адамның агрессиясы көбіне күштің артықтығынан емес, керісінше, терең дәрменсіздік сезімінен туындайтынын айтқан. Егер адам немесе тұтас қауым ұзақ уақыт бойы өз тағдырына ықпал ете алмай, қорқыныш пен бақылау жағдайында өмір сүрсе, оның күш пен ықпалға деген табиғи қажеттілігі жойылып кетпейді. Бірақ ол қажеттілік кейде бұрмаланған түрде көрініс табады. Нәтижесінде, билікке немесе жүйеге қарсы бағытталмаған сезімдері мен бастан өткерген қысымдары адамның отбасы ішіндегі басқа әлсіз мүшелерге, әйелдерге, балаларға немесе әлеуметтік тұрғыдан қорғаныссыз топтарға бағытталуы мүмкін.

Алайда «мұның бәрі ашаршылықтан» деу ғылыми деңгей емес. Қазақстан бойынша дәл осы екі құбылысты 1930-жылдардағы жарақатпен тікелей байланыстырып берген эмпирикалық зерттеу жоқ. Бірақ жоғарыда аталған жанама байланыс тетіктері бар.

Әлеуметтік желідегі агрессия да солай: мұнда платформалардың алгоритмдері, анонимдік, поляризация, әлеуметтік күйзеліс үлкен рөл ойнайды. Бірақ эмоцияны сабырмен өңдеу мәдениеті әлсіз, сенім

үй ішіндегі шешімнің нақты ауыртпалығы әйелдерге түсті. Екіншіден, «әйел – үйдің ішкі адамы, еркек – сыртқы қорғаушы» деген дәстүрлі бөлініс бұзылды: әйел бір мезгілде асыраушы, ұйымдастырушы, тәрбиеші, жоқтаушы, күйеуін немесе әкесін күткен адам және тіршіліктің менеджері болды. Үшіншіден, әке образы кей жерде нақты қатысушыдан гөрі символға айналды: беделі бар, бірақ күнделікті қатысуы үзілісті немесе жоқ тұлға. Мұның бала психикасына әсері зор: отбасындағы ер рөлін тапшылығы, қамқорлық пен қатандықтың әйел иығына қосылып түсуі ұл балалардың еркектік модельді көбінесе соғыс, еңбек, үнсіздік және «төз» деген бұйрық арқылы үйренуіне әкеп соғуы мүмкін. Төртіншіден, «әйелдің төзімі» ұлттық-отбасылық құндылық ретінде шектен тыс мадақталды. Бұл бір жағынан әйелдердің өміршеңдігін танытады, екінші жағынан олардың күйзелісін нормаландырып, кейінгі ұрпаққа «бәрін көтеру – қалыпты» деген қауіпті этиканы қалдырды.

Бірақ мұнда да бір маңызды нюанс бар: кеңестік және одан кейінгі қоғамда еркек үстемдігі туралы символдық нормалар ұзақ сақталды, тіпті бүгінгі Қазақстанда да үй ішіндегі еңбек әйелге көбірек жүктелетіні

ал ашу, кінә, қорқыныш, ұят, сатқындық, аман қалушының жазығы сияқты күрделі эмоциялар қоғамдық тілге аз шығады. Үшіншіден, психология тілі мен тарих тілі әлі толық түйіскен жоқ. Қазақстандағы зерттеулердің көпшілігі демография, архив, құқықтық ақтау, еске алу саясаты төңірегінде; ал «бұл жара отбасылық қарым-қатынасқа, сенімге, төнге, ұрпақтық эмоцияға не істеді?» деген сұрақтар енді ғана көтеріле бастады. Сондықтан біз мойындау жолына түстік, бірақ оны психологиялық тұрғыдан толық қорыттық деп айтуға әлі ерте.

– **Жалғыз адам жан дүниесіндегі дертін жеке терапия арқылы емдей алады, ал бүтіндей бір ұлт тарихи трагедия жаракатына қалай аралығы керек? Бізге ұжымдық терапияның қандай тетіктері қажет?**


– Бүтін бір ұлт тарихи трагедия жаракатына жеке терапия сияқты бір ғана тәсілмен аралымайды. Ұжымдық айығу үшін бір мезгілде жад саясаты, білім, қоғамдық әңгіме, ритуал, өнер, зерттеу және психологиялық қызмет бірігіп жұмыс істеуі керек. Тарихи жаракат әдебиеті ең алдымен мойындау мен валидацияның маңызын айтады: жаракатты заңды, шынайы және атауға тұрарлық құбылыс ретінде танымай, одан аралу киын. Тарихи жаракаттың қазіргі денсаулық пен қоғамға әсері көбіне «қоғамдық нарратив» арқылы жүреді (Мохагг). Шығыс Еуропаға қатысты еңбектерде тарихи жаракаттан кейін тиімді емге апаратын жолдардың қатарында тарихи жадпен жұмыс, психоәлеуметтік сауықтыру тетіктері және зардап шеккендердің мұрасына сезімталдықты күшейту кіретіні атап өтіледі (Меркер). Бір адамды емес, отбасы мен қауымдастықты қамтитын тәсіл керек. Демек, ұлттық айығу – «бәрі психологқа барсын» емес, «қоғам шындықпен қауіпсіз түрде сөйлесе алатын болсын» деген сөз.

Қазақстан үшін мұндай ұжымдық терапияның тетіктері қандай? Біріншісі – шындық инфрақұрылымы: архивтерді ашу, есімдерді қайтару, нақты тарихты цифрландыру, қуғындалғандар тізімін толықтыру. Бұл басталып кетті, бірақ жалғасуы керек. Екіншісі – тіл инфрақұрылымы: мектепте, университетте ашаршылық пен репрессияны тек демографиялық апат ретінде емес, психологиялық және әлеуметтік жаракат ретінде түсіндіретін мазмұн керек. Үшіншісі – отбасылық әңгіме мәдениеті: ауызша тарих жобалары, немере мен ата-әже диалогын жазып алу, «Біздің әулеттің тарихы» бағдарламалары, деректі подкасттар мен жергілікті музейлер. Төртіншісі – қоғамдық ритуалдар: еске алу күндерін тек саяси ұранға емес, нақты есімдерге айналдыру, үнсіздік минуты, куәгерлер хаты, ұрпақтың үндеуі, өнер туындылары арқылы эмоциялық өңдеуге ұластыру. Бесіншісі – көсіби көмек: репрессия және тарихи жаракат тақырыбын білетін психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, мұғалімдер дайындау. Келесісі – әділет элементі: ресми еске алу құрбандарды құрметтеумен шектелмей, қоғамға «мемлекет өз азаматтарына мұндайды енді жасамауы керек» деген этикалық сабақ берілуге тиіс. Тағы бір маңызды тетік – жаракатты тек құрбандық нарративінде ғана қалдырмау. Тарихи терапияның мақсаты халықты мәңгілік жылау күйінде ұстау емес. Керісінше, болған тарихи жайттарға эмпатиялық куәліктер ету, түсіндірмелер жасау, солар арқылы мән табу және құндылықты қайта қалпына келтіру маңызды (Каминер). Сондықтан Қазақстанға керегі – «бізге зұлымдық жасалды» деген жалғыз фраза емес, «біз не жоғалттық, не аман қалды, нені қайта жаңғыртуымыз керек?» дейтін жетілген, ересек ұлттық нарратив. Ұлттың айығы архивтен басталып, әңгімемен жалғасып, мектепте бекіп, психологиялық көмекпен тереңдеп, азаматтық институттармен қорғалуы керек. Сонда ғана тарихи жаракат ұлттық әлсіздік көзі емес, тарихи зерде мен моральдық иммунитет көзіне айналады.

– **Әңгіменізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Еркебұлан НҮРЕКЕШ

ТАРИХ ТІЛІ ӘЛІ ТОЛЫҚ ЖОҚ



– Иә, ашаршылық пен қуғын-сүргінді көрген буынның суықтық, эмоциясын ішке жұту, қатандық, гиперсактық сияқты ерекшеліктері кейінгі ұрпаққа ауысуы мүмкін. Бұл – қазіргі психологияда жақсы зерттелген құбылыс, бірақ оны «генмен тура беріледі» деген қарабайыр түсінікпен шатастырмау керек. Тарихи травмалар туралы шолуларда ата-бабаның жаракаты кейінгі ұрпаққа тікелей травма болмаса да, артық сергектік, стресс жүйесінің жоғары дайындығы, психикалық симптомдар және қарым-қатынастағы кындықтар түрінде байқалуы мүмкін екені айтылады. Шығыс Еуропадағы тарихи жаракат туралы зерттеулерде сталиндік репрессия құрбандарының оқиғалары ұзаққа созылған қорқыныш, түнгі үрей, қоғамдық оқшаулану және балаларында қорқынышпен тәрбиелеу арқылы жалғасатыны көрсетіледі. Яғни жаракат отбасындағы бүкіл эмоциялық климат арқылы жұғысады.

Эмоцияны сыртқа шығармау мен агрессия арасындағы байланыс та ғылыми әдебиетте бар. Мамандар өзін басу, яғни эмоцияны қысып ұстау стресс реактивтілігінің жоғарылауымен байланысты екенін айтады. Демек, «жылама», «сыр берме», «іште сакта» деген мәдени кенес қысқа мерзімде адамды жинақы етіп көрсеткенімен, ұзақ мерзімде өңделмеген ашу мен жан күйзелісін басқа арнамен шығаруы мүмкін.

Ашаршылық пен қуғын-сүргінді бастан кешкен буын үшін ең басты міндет аман қалу еді. Мұндай жағдайда адамдар көбіне эмоциясын ашық білдіруден, әлсіздігін көрсетуден, қорқынышы мен қайғысын бөлісуден бас тартуға мәжбүр болды. Уақыт өте келе бұл тек жеке қорғаныс механизмі емес, тұтас отбасылық және мәдени нормаға айналды. Балалар ата-анасының айтқан сөзінен ғана емес, олардың үнсіздігінен, қорқынышынан, қарым-қатынас стилінен де үйренеді. Сондықтан эмоцияны іште ұстау, қаталдықты төзімділікпен шатастыру немесе қиындықты үнсіз көтеру сияқты модельдер кейінгі ұрпақтарға берілуі мүмкін.

Бұл құбылысты кейбір ғалымдар «ішкі қысым» немесе «ішкі езгі» (internalized oppression) ұғымы арқылы түсіндіреді. Ұзақ уақыт бойы зорлық пен қорқыныш жағдайында өмір сүрген адамдар біртіндеп сол жүйенің ережелерін өздерінің ішкі дүниесіне енгізіп алады. Олар күшті болу дегенді

деңгейі төмен, қорғаныс позициясы жоғары қоғамда онлайн кеңестіктегі ашу жылдамдық тұтанады. Яғни жаракаттың ұрпақаралық ауысуы ғылыми тұрғыда мүмкін және ықтимал; ал тұрмыстық зорлық-зомбылық пен онлайн агрессияны түсіндіруде ол – негізгі емес, бірақ елеуге болмайтын терең фондық факторлардың бірі.

– **Алаш арыстары атылып, мыңдаған ер-азамат лагерлерге айдалғанда, одан кейінгі соғыс жылдарында тұрмыс тауқыметі белгілі дәрежеде әйелдердің мойнына артылды. Бұл жағдай қазақ отбасының дәстүрлі құрылымын қалай өзгертті?**

– Алаш арыстары атылып, ер-азаматтардың елеулі бөлігі лагерлерге айдалып, кейін соғысқа кетіп не каза болып, тұрмыс ауыртпалығының әйелдерге түсуі қазақ отбасының дәстүрлі құрылымын едәуір өзгертті. Бірақ бұл өзгеріс бір мезгілде екі бағытта жүрді: практикада отбасы әйелге сүйенетін болды, ал символдық деңгейде еркек басшы деген әлеуметтік және мәдени норма толық жоғалып кеткен жоқ. Яғни сыртқы пішінде патриархалдық тіл сақталып, күнделікті өмірде әйелдердің нақты жауапкершілігі күрт өсті. Қазақстандағы гендер тарихына арналған соңғы зерттеулер әйелдердің рөлі кеңестік кезеңде қатты өзгергенін, олар кеңестік білім мен еңбек жүйесіне тартылғанын, бірақ бұл өзгеріс шынайы теңдікке емес, көбіне «қосарланған жүкке» әкелгенін көрсетеді.

Сондықтан қазақ отбасының ішінде бірнеше ұзақ өзгеріс жүргенін айтуға болады. Біріншіден, аналар мен әжелердің салмағы артты. Көп отбасында бала тәрбиесінің, күнкөрістің, моральдық тіректің,

көрініп отыр. Демек, тарихи зорлық қазақ отбасын «әйел шын мәнінде арқалайтын, бірақ еркек номиналды түрде басшы саналатын» қайшылықты модельге жақындатқан болуы мүмкін. Бұл модельдің ізі бүгінгі «қосарланған жүктен», әйелдің эмоционалдық еңбегінің көрінбеуінен, әкенің рөлін бір мезгілде идеалдандырып та, күнделікті практикада әлсіретіп те жіберуден байқалады. Яғни репрессия мен соғыс қазақ отбасының дәстүрлі құрылымын шайқалтып, әйелді отбасының тірі қалу орталығына айналдырып, ал осы тәжірибе кейін қазақ қоғамындағы әйелдің күшін де, артық жүктелуін де бірге қалыптастырған болуы мүмкін.

– **Жантану ғылымында кез келген жаракатты жазу үшін алдымен оны мойындау керек дейді. Біз ұлт ретінде ашаршылық пен қуғын-сүргін трагедиясын психологиялық тұрғыдан қорыта аламыз ба?**

– Біз ұлт ретінде ашаршылық пен қуғын-сүргін трагедиясын психологиялық тұрғыдан толық қорытып біттік деп айта алмаймыз. Дұрысы – институционалдық мойындау айтарлықтай күшейді, бірақ терең психологиялық өңдеу басталған жоқ. Қазақстанда 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ресми түрде бекітілген, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылған, миллиондаған архив құжаттары ашылған. Мұның бәрі маңызды. Бұл ұлттың өз тарихын үнсіз тұншықтырмай, заңдық, саяси және ғылыми деңгейде мойындауға бет бұрғанын білдіреді. Қарапайым тілмен айтсақ, «мұны айтуға болмайды» деген кеңестік тыйым аймағы едәуір тарылды. Бұл – айығудың бірінші шарты.

Бірақ психологиялық қорыту тек мәліметтерді көрсетіп, архив ашумен бітпейді. Себебі жараны жазу үшін тек «жаман заман болды» деу жеткіліксіз; не болды, кімде болды, қалай болды, салдары қандай, ол бүгінгі ұрпаққа қалай жетті деген нақты зерттеулер қажет. Қазір ұйымдастырылған көптеген шараның арқасында жад бар, алайда толық интеграцияланған ұлттық психологиялық рефлексия әлі қалыптасып болған жоқ.

Психологиялық қорыту неге толық емес? Біріншіден, отбасылық үнсіздік әлі күшті. Көп әулетте «атамыз атылды», «әжеміз босқанда», «үй іші аштан қырылды» деген факт бар, бірақ ол туралы жүйелі сөйлесу, қайғыны сөзге салу, баламен өңдеу мәдениеті әлсіз. Екіншіден, қайғы-қасірет көп жағдайда мақтаншыпен, патриотизммен немесе құрбандылықпен ғана өңделеді,

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесіне қуғын – сүргін құрбандарының ұрпақтары көптеп хат жазып, жазықсыз жазаланған аталары туралы деректер іздейді, аталарының бастан кешкен қасіретін жеткізеді. Сол хаттардың ішінде қуғын-сүргіннен зардап шеккен, бір ғасыр өмір сүрген кейуананың хаты ерекше есте қалды.

А Гүлзина Бектас

Жасы 100-ді еңсерген қарт ана тарихи әділдіктің салтанат құруын тілеп, қуғын-сүргін мен күштеп көшірудің зардабын көрген қандастардың толық ақталуы туралы өтінішін жеткізеді. Бұл хат – бір адамның ғана емес, өткен ғасырдың зобаланып бастан кешкен тұтас ұрпақтың аманаты еді.

«Менің аты-жөнім – Көкен Рахимқызы. Жасым биыл 100-ге толды. 1926 жылы Сергеев ауданының Балуан ауылында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы) дүниеге келдім. Әкем Рахим Жүнісбайұлы Сәбит Мұқановпен бірге әскер қатарында қызмет етіп, онымен өте жақын дос болған кісі. Кейін екеуі бірге оқуға кетпек болғанында, әкем туған ауылындағы аштық пен індеттен ағайын-туыстары қырылып жатқан соң алысқа ұзап шыға алмай қалады. Артында қараусыз қалған балалары да көп еді. Әкемнің немере ағасы Жүністен Жамал мен Шарбан атты екі қызы ғана тірі қалған. Әкем оларды алыс туыстарының үйінен әбден жүдеп-жадап, кісі танымастай халге түскен сәтінде тауып алады. Ал Сыздықтың отбасынан жалғыз Мажит қана аман қалып, балалар үйіне жіберілген екен. Анамның айтуынша, әке-шешем оны табанынан тозып жүріп, әрең тапқан. Әуірімдеп жүріп, үйлеріне алып келген. Тағы бір немере ағасы Саядтың қызы Раисаны аштықтан бұралып, өлгелі жатқан жерінен тауып алған. Ата-анам оны да өз қамқорлығына алып, үстіндегі ескі киімінің бәрін өртеп, киімдерімді кигізіп, бағып қакты.

Әкем жас болса да сауатты, елге сыйлы, белсенді адам еді. Оны колхоз төрағасы етіп сайлаған. Жұмысын адал атқарып, көпшілікке қол ұшын созуға тырысатын мейірімді жан болды. Халық оны қатты құрметтеп жүрген жанның басына бір күні бұлт үйіріліп, «Халық жауы» болып шыға келді. Өзіне тықыр таянғанын сезген әкем бір түнде қашуға бел буыпты. Әкем жетім қалған барлық немере інілері мен қарындастарын ертіп, орманның арасына жасырынып, өмір сүрдік. Өзім кішкентай болғандықтан, көп нәрсе анық есімде жоқ. Бірақ арбанын астында түнеп, суық жаңбырдың астында малмандай су болып жүргеніміз, қарнымыздың қатты ашқаны ғана жадымда қалыпты. Жолда анам қатты ауырып қалды. Аяғы ісіп кеткен, жүре алмай қалады. Анамның қатты қиналып, әкемнің көз жасына

ерік берген сәттері көз алдыма келеді. Кейін білдім ғой, анам сол жолы түсік тастап, өлім аузынан қалған екен. Сырттағы адамдардан қорқып, қалың орман ішінде ұзақ түнегеніміз есімде. Қайда бара жатқанымызды білмейміз. Белгісіздікке бет алып, орман ішіне тереңдей беріп, ақыры Қорған облысына жеттік», – дейді кейуана.

Бөтен жерге жеткен соң тіл білмесе де, қолынан келген тірлігін істеп, жұмыстан қашпай, балашағаны асыраудың қамына кірісіп

сетіп, әсіресе алғашқы қиын жылдары барынша көмектесті.

Біз тұрған ауыл маңына немесе көршілес аудандарға тағдыр тәлкегімен босып келген қазақ отбасылары да қоныстанған екен. Қазір ойласам, олардың бәрі – елдің тірегі болған, ұлттың қаймағы саналатын, қайсар да текті жандар еді. Әулеттің, рудың, халықтың сүйеніші болған азаматтар болатын. Солардың қатарында Ғалым мен Қабдол Сақтағановтар өз отбасы және туған-туыстарымен

төрт имам тұрған екен. Олар – Дәулет молда, Бектас молда, Ғалым молда және Омар молда. Бұлардан бөлек те діни сауаты жоғары, көзі ашық, білімді азаматтар аз болмаған. Алайда олардың көбі түрлі жаламен қудаланып, басқа баптармен айыпталған еді. Соған қарамастан, олар ел ішінде имандылықты сақтап, рухани тіршілікті жалғастыруға тырысыпты.

Райхан апа хатында: «Дәулет имам бірнеше күннен кейін НКВД-ның «үштігінің» шешімімен Тұрғын молдамен бірге Ишим түрмесінде ату жазасына кесілген. Бүгінде олардың ұрпақтары Ишим ауданында өмір сүріп жатыр. Омар молда өзінің де «Халық жауы» қа-

дам етін жейтін жыртқышқа айналған екен. Жұрт оның орман ішінде жалғыз өмір сүргенін айтады. Әлгі әйелдің қазанынан балалардың сүйектері табылған.

«Мейіз ана сол маңда Ишим деген қала бар екенін естиді. Ол жақтағы музейде алтын-күміс пен бағалы әшекей бұйымдарды қабылдайды деген хабар жетеді. Сонда Мейіз ана барлық асыл бұйымдарын өткізіп, орнына жарты қап ұн сатып алады да, нан пісіреді. Аштықтан әбден қажыған балалар үшін бұл нағыз молшылықтай көрінген. Кіші ұлы Нығметжан: «Апа, біз қайтадан байыдық. Енді кедей болмаймыз» деп алақанын шапалақтап, қатты қуаныпты. «Халық жауы» болмаған жандардың басына түскен қасірет қандай қиын болғанын осыдан-ақ бағамдай беруге болады. Олар туған жерін өмір бойы ансап өтті. Бір күні әділдік орнап, ақталатынына сенді. «Халық жауы» деген «қара таңба» маңдайларына неге басылғанын түсінген жоқ. Бар ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған, елдің қамын ойлаған азаматтар еді. Туған жердің топырағы, жусанның иісі, сайын даланың самалы олардың жүрегінен ешқашан өшкен жоқ. Қашықта жүрген жандарға туған өлкенің әр лебі, әр үні бұрынғыдан да ыстық әрі қымбат болып сезілетін. Даланың баяу самалы мен қоңыр әуені оларды үнемі туған елге шақырып тұрғандай еді. Круглинка ауылының маңындағы қорымда туған жерінен жырақта көз жұмған талай белгілі азамат жатыр. Олар ұрпақтарына туған елге деген сағынышын аманат етіп қалдырып кетті. Мен шамам келгенше өз миссиямды орындадым деп есептеймін. Бірақ менің ата-анам, жолдасымның ата-анасы, өз еркінен тыс Қазақстаннан жырақта қалып қойған мыңдаған қазақ секілді менің де өмірбаянымда: «Қазақстан Республикасының заңы бойынша толық ақталды» деген бірауыз сөздің жазылғанын қалай едім. Ашаршылықты, қуғын-сүргінді, туған жерден күштеп айырылуды бастан өткерген қазақтар толық ақталған жоқ. Шетелде жүрген біздер, қазақтар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бізге берген «қандас» деген сөзін жүрегімізбен қабылдадық. Барлық қандас саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құрғаны үшін Президентке ризашылығын білдіреді» деп жазады қарт ана.

P.S.

Қуғын-сүргін мен ашаршылық – қазақ халқының жадынан өшпейтін қасіретті кезең. Сол зұлматтың зардабын көрген жандардың тағдыры бүгінгі ұрпақ үшін тарихи сабақ әрі ұлттық жадымыздың ажырамас бөлігі болып қала береді. Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысы өткеннің ақиқатын ашып, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған маңызды қадам болды. Кейуананың комиссияға жолдаған хаты – жеке адамның мұны ғана емес, тағдыр тәлкегіне түскен мыңдаған қандастың ортақ үні. Сондықтан өткеннің қасіретін ұмытпай, жазықсыз жапа шеккен жандардың есімін ұлықтау – бүгінгі буынның азаматтық әрі рухани парызы.

ТАҒДЫРМЕН ТАЙТАЛАС



кетеді. Сол ауылда кезінде тәркіленген былғары зауытының үлкен қоймасы болыпты. Іші өңделген сапалы теріге толы екен. Бірақ ауыл тұрғындарының ешқайсысы етік тігуді білмейтін, бәрі шәркей киіп жүрген. Сонда әкесі өз қолынан іс келетінін айтып, етік тігумен айналыса бастайды. Ауылдағыларға шана мен арба жасап беретін.

«Қолынан келмейтіні жоқ, нағыз сегіз қырлы, бір сырлы адам еді. Қандай іс атқарса да, аса ұқыптылықпен, сапалы орындайтын. Біртіндеп тұрмысымыз түзеле бастады. Алайда ол жақта қазақтар жоқтың қасы еді. Ата-анам өзге ортада жүріп, балаларының болашағына алаңдай бастайды.

Содан жан-жақтан қазақтарды іздейді. Кейін Омбы облысында ашаршылықтан, індеттен және жаппай қуғын-сүргіннен қашып барған қазақ босқындарының көп екенін естиді. Сол жақта әкемнің досы әрі рухани бауырындай болған Хамза Ибраевпен қайта қауышады. Ол «Алаш Орда» қозғалысына қатысқаны үшін қуғын көрген азамат еді. Кейін ол туралы «Арманда өткен асыл тұлға» атты кітап жазылды. Хамза ағай өте ақылды, дарынды, сауатты, ерекше қабілет иесі болған. Алайда тағдыр тауқыметі оны да айналып өтпеді. Отбасын аман алып қалу үшін мал бағып, отын дайындап, қандай жұмыс табылса да істеуге мәжбүр болған. Төкінше қарай, Хамза ағай өмірден ерте өтті. Сол кезде оның бүкіл отбасы әкемнің қамқорлығына өтті деуге болады. Әкем оларға әрдайым қолдау көр-

бірге келді. Тайпак ақсақал ұлдарымен бірге осында жүрген. Ол бұған дейін отбасымен Челябин облысындағы кеніштерге жер аударылған екен. Тәжен де бауырлары және жақындарымен бірге босқын күй кешті. Барлығы төрт отбасы болған.

Сондай-ақ Атамбай қажының ұлы Жамбылған, қуғын-сүргінге ұшырап, үлкен ұлы Сағатпен бірге жапа шеккен Бірімжан, бүкіл ағайын-туысымен бірге көшіп келген Үскенбай да осы өңірден пана тапқан. Керей-Балта руынан Алдабергенов, Қалыков, Мұрзановтар да осында тұрақтаған.

Сорокин ауданында Ахметовтер әулеті қоныстанды. Сібірге қашуға мәжбүр болған алыс-жақын туыстарының бәрін Ахметбай «Ахметов» деген фамилиямен тіркеткен екен. Сол себепті бүгінгі күнге дейін Сорокин ауданында негізінен Ахметов фамилиясын иеленген қазақтар тұрады.

Ал Абат ауданынан мал-мүлкі түгел тәркіленіп, қуғындалған өнеркәсіп иесі әрі фабрикант Әлти Барлыбаевтың отбасы мен туғанын кездестіруге болатын еді. Бұрын болыс болған Қадырма Шаймерденов, сондай-ақ бұрынғы байлар Елен мен Камен бауырлар да сол жаққа тағдыр айдап барған», – деп жазады қария.

Бұл кісілер тұрған ауылды «Халық жауы» атанып, қуғын-сүргінге ұшыраған діни қайраткерлер, мешіт қызметкерлері мен имамдар да көп паналаған. Ишим ауданына қарасты қайта құрылған Крулинка атты қазақ ауылында сол кезеңде елге белгілі

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

1 маусым – жыл сайын атап өтілетін Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл әлемде балалардың құқықтары мен болашағына назар аударуға шақыратын ең мейірімді әрі маңызды мерекелердің бірі. Осы күн 60-тан астам елде, соның ішінде Қазақстанда да кең көлемде тойланады. Мереке барысында түрлі концерттер, фестивальдер, қайырымдылық акциялары мен балаларға арналған іс-шаралар ұйымдастырылады.



А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Мереке алғаш рет 1949 жылы Женевада өткен Әйелдердің халықаралық-демократиялық федерациясының сессиясында ұсынылған болатын. Ал 1950 жылдан бастап 1 маусым ресми түрде Балаларды қорғау күні ретінде бекітіліп, жыл сайын тойланып келеді. Бұл бастаманың негізгі мақсаты – балалардың өмірі, денсаулығы, білім алуы мен құқықтарын қорғау қажеттігіне әлем елдерінің назарын аудару.

Ұлттық деңгейде бала құқығы Конституциямен, «ҚР бала құқықтары туралы» заңмен, сондай-ақ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексімен, «Білім туралы» және басқа да нормативтік актілермен қорғалады. Еліміз Конституциясында отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында екендігі нақты белгіленген. Сонымен қатар мемлекет балалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға кепілдік береді.

Алматы қаласы мәслихат депутаты Диана Ерланның айтуынша, бұл қағидаттар еліміздегі балаларды қорғау саласындағы барлық заңнаманың негізін құрайды.

– Бүгінде балалардың құқықтарын қорғау мәселесіне мемлекеттік деңгейде ерекше көңіл бөлінуде. Жыл басында Мемлекет басшысы «Қазақстан балалары» бағдарламасына қол қойды. Бағдарлама балалардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейтуге, профилактикалық жұмысты дамытуға және ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған. Осы мемлекеттік саясат аясында Алматы қаласында Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы құрылып, өз жұмысын бастады. Сондай-ақ Балалардың құқықтарын қорғау орталығы мен Психологиялық қолдау орталығы жұмыс істеп, балалар мен отбасыларға кешенді көмек көрсетуде. Бұл қабылданып жатқан шешімдердің нақты нәтижеге айналып, балалардың құқықтарын қорғау жүйесінің институционалдық тұрғыдан нығайтып келе жатқанын көрсетеді. Сондықтан отбасын, ананы, әкені және баланы қорғау қағидаттарын конституциялық деңгейде одан әрі нығайту балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге және балалар мен отбасыларды қолдау шараларын күшейтуге қосымша негіз болады деп есептеймін, – деді ол.

Сонымен қатар еліміз 1994 жылы БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясына (БҚК) қол қойды және әрбір баланың тең құқықтарын қамтамасыз ету бойынша жаһандық міндеттемелерді

мойнына алды. 2016 жылы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды, ал 2022 жылы бала құқықтары жөніндегі уәкілдер Қазақстанның әрбір өңірінде тағайындалды. 2023 жылы Қазақстанда Әлеуметтік кодекс қабылданып, мемлекеттік жәрдемақылар мен бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдердің көлемі артып, мерзімі ұзарды.

2024 жылы «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды, оның аясында Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызы 18 жасқа дейінгі барлық баланың есепшотына аударылып отырады. Жиналған қаражатты бала көмелет жасқа толған кезде оқуға немесе баспана алуға жұмсауына болады. Осы жылы күшіне енген «Әйелдердің құқықтарын қорғау және балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету» туралы заң аясында балалар тарапына жасалған қатыгездіктің кез келген түріне жауапкершілік күшейтіліп, буллинг үшін әкімшілік жауапкершілік сынды арнайы нормаларды қамтыды. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің бастамасымен 2023–2024 жылдары балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зорлық-зомбылықтың, суицидтің және жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында бірқатар шара қабылданып, бағдарламалар мен заңдар әзірленді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл алғаш рет 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы әзірленді. Құжат балалық шақ мәселелеріне бірыңғай көзқарас қалыптастырып, қолданыстағы шаралар мен бағдарламаларды тұтас жүйеге біріктіреді. Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың сөзінше, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы балалар саясатын жүйелі дамытуға және әрбір бала үшін тең мүмкіндіктер қалыптастыруға бағытталған.

– Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – әрбір баланың білім алу, денсаулығын сақтау, әлеуметтік қорғалу және отбасында тәрбиелену құқықтарын қамтамасыз ететін жүйелі әрі үйлестірілген тәсілді қалыптастыру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін құжат балалардың қауіпсіздігін күшейтуге, психологиялық және әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ ведомствоаралық үйлестіруді нығайтуға бағытталған. Қазақстан – балалардың құқықтарын қорғауға арналған мақсатты ұлттық стратегиясы бар санаулы мемлекеттердің бірі, – дейді Жұлдыз Сүлейменова.

АЛАҢСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ –

БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚ

Қазақстанда 2025 жылғы статистика бойынша 7 миллионға жуық бала бар, бұл халық санының үштен бірін құрайды. Соңғы 10 жылда тұрақты демографиялық даму негізінде балалар санының 1,5 миллионға артуы балаларды қолдау жүйесін одан әрі нығайтуға талап етеді. Сала мамандарының пікірінше, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы аясында 2030 жылға дейінгі кезеңде негізгі мемлекеттік шараларды бірыңғай басқарылатын жүйеге біріктіре отырып, ведомствоаралық жауапкершілік пен бүкіл ел бойынша бірыңғай тәсілдерге сүйенетін балалық шақты қорғаудың жана архитектурасын қалыптастыру өзекті болып отыр. Сонымен қатар тұжырымдамаға сәйкес қауіпсіздікке, білімге, денсаулыққа, отбасына және әлеуметтік қорғауға деген базалық құқықтар негізінде бақылауды, ашықтықты және нақты нәтижелерге қол жет-

Бүгінде Оқу-ағарту министрлігі барлық мемлекеттік балабақша, мектептер мен колледждерді заманауи бейнебақылау жүйелері және бақылау құрылғыларымен жабдықтау бойынша жұмыстарды толық жауапкершілігіне алып, жүйелі жұмыстар атқарды. Сонымен қатар буллингке қарсы KiVa финдік бағдарламасы және «ДОС-БОЛЛИК» буллингке қарсы пилоттық жоба ұйымдастырылып, бытырдан бастап жоба еліміздің барлық мектеп пен колледждеріне енгізілді. 2024 жылдан бастап білім беру ұйымдарында оқушылардан QR-кодтар арқылы мәтіндік өтініштер жүйесі енгізілді. Бұл жасөспірімдерге жасырын түрде қолдау сұрауға мүмкіндік берсе, 24/7 режимінде жұмыс істейтін 111 бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы балаларды зорлық-зомбылықтан арашалауға арналған тиімді тәсіл ретінде бағаланып отыр. 2024

2024 жылы «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды, оның аясында Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызы 18 жасқа дейінгі барлық баланың есепшотына аударылып отырады.

кізуді қамтамасыз ету көзделген. Алғаш рет баланың өмірлік жолын цифрлық сүйемелдеу тетігі енгізіліп, онлайн қауіпсіздік шаралары күшейтіледі, инклюзивті орта мен өмірлердегі қолжетімді балалар инфрақұрылымын дамытуға басымдық беріледі. Сондай-ақ медициналық және оңалту ұйымдарының желісін кеңейту жоспарланып отыр. Әлеуметтік қолдау көрсету тәсілдері қайта қаралып, оның атаулылығы мен тиімділігіне баса назар аударылды, оның ішінде балалар үшін тегін жол жүруді кезең-кезеңімен енгізу қарастырылған. Балалардың құқықтарының бұзылуының алдын алу тетіктері де айтарлықтай жаңғыртылып, бірыңғай стандарттар, кейсменеджмент жүйесі енгізіледі, психологиялық көмектің рөлі күшейтіледі және баланы жеке сүйемелдеу тетіктері, оның ішінде қылмыстық процесс барысында да қамтамасыз ету шаралары қарастырылған.

жылы балалар үйлеріне балама ұсынатын кәсіби отбасы қабылдау институты енгізілді. Жүргізілген шаралардың нәтижесінде, балалар үйінде тәрбиеленетін балалар саны соңғы 10 жылда екі есеге (9 мыңнан 4 мыңға дейін) қысқарған.

– Ең алдымен, баланың қауіпсіздігі мен оның мүддесін басты орынға қою қажет. Кез келген жағдайда баланың құқықтары мен психологиялық жағдайы бірінші кезекте ескерілуі тиіс. Буллинг, зорлық-зомбылық, суицидтік мінез-құлық немесе басқа да қауіп факторлары жеке-жеке қарастырылатын мәселелер емес. Олар өзара байланысты және кешенді тәсілді талап етеді. Сондықтан тек салдарымен күресіп қана қоймай, оның алдын алу жұмыстарына басымдық беру маңызды. Бұл бағытта отбасы, мектеп, құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдары бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Тек осын-

дай жүйелі әрі үйлестірілген тәсіл арқылы балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыра аламыз, – дейді Диана Ерлан.

Қазіргі тез дамып жатқан ақпараттық технологиялар дәуірінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелердің бірі балалардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл – барлық ата-ананың, педагогтардың, мемлекеттік органдардың және балалардың өздерінің қатысуын талап ететін кешенді міндет.

«Kazakhstan Kids Online. Қазақстандағы балалардың цифрлық өмірі» зерттеу нәтижелері бойынша, елімізде әлеуметтік желілерге қосылуға 13 жастан асқан балаларға рұқсат етілгеніне қарамастан, 9–10 жастағы балалардың 60%-ында және 11–12 жастағы балалардың 66%-ында өз аккаунттары бар. Бұл балалардың цифрлық қауіпсіздік дағдыларын жетілдіруді жалғастыру, сондай-ақ балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың интернетті қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз етудегі ата-аналардың рөлін арттыру қажет және ата-аналарды ата-ана бақылау сияқты қолданбаларға қосу үшін кең ауқымды науқан жүргізу қажеттілігін тудырады.

Сарапшылардың айтуынша, цифрлық орта дамыған сайын ғаламтордағы қауіп те артып келеді. Әсіресе ғаламтор мен әлеуметтік желіні әлдеқайда ерте қолдана бастауының салдарынан балалар зиянды контентке, цифрлық тәуелділікке және алгоритмдердің ықпалына жиі ұшырайды. Сондықтан мәселені тек тыйым салу тұрғысынан қарастырмай, жас буын үшін қауіпсіз цифрлық орта қалыптастыру қажет. Сондай-ақ ойын-сауық пен білім беру контентін ажыратып, цифрлық сауаттылықты жетілдіру маңызды.

Бұл бағытта Диана Ерланның пікірінше, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы барлық мемлекеттік органның, білім беру ұйымдарының және азаматтық қоғам өкілдерінің бірлескен жұмысы балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруда тиімді бағыт саналады.

– Алматы қаласының мектептеріндегі профилактикалық жұмыстар күшейтіліп, буллингтің, зорлық-зомбылықтың, құқықбұзушылықтардың және суицидтік төуекелдердің алдын алу бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл дамып келеді. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы барлық мемлекеттік органның, білім беру ұйымдарының және азаматтық қоғам өкілдерінің бірлескен жұмысы балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Әрине алда атқарылатын жұмыстар әлі де көп. Дегенмен бүгінде Алматыда балалардың құқықтарын қорғаудың жаңа жүйесі қалыптасып келеді және бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасатын болады, – деді ол. Бақытты балалық шақ тек ата-ананың қамқорлығымен ғана емес, сонымен қатар баланың қоршаған ортасымен де байланысты. Бала махаббатты, мейірімділікті және кішіпейілділікті сезініп өсуі керек.

P.S.

«... Үлкен болсам, дейтуғын» арман жетегіндегі әрбір баланың жүзіндегі кіршіксіз күлкі – бақытты болашақтың бастауы десек болады.

МӘСЕЛЕ

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Ұлттық бірыңғай тестілеу жай ғана сынақ емес, ел ертеңін айқындайтын жалындаған жастарымыздың тағдыры таразыға түсетін сәт. Бүгінгі түлек – ертеңгі Тәуелсіз Қазақстанның тірегі, мемлекетіміздің интеллектуалды элитасы. Жас қырандардың қанатын қатайтып, түрлі кәсіп иесі иесі болуға асығатын жүйеде үлкен бетбұрыс басталды. ҰБТ-ға қатысты тәсілдеме қайта қаралады: реформа қандай өзгерістерді қарастырады? Мыңдаған жас неге тест тапсырмай-ақ диплом алудың жолын іздеп жүр? Неге ҰБТ сұрақтары күрделеніп барады?

А Айхан ШӘРІП

**БІЛІМ БӘЙГЕСІНІҢ
БӘСІ БИІК, ЖҮГІ АУЫР**

Педагогтар менажарлау курстары мамандарының айтуынша, қазіргі ҰБТ сұрақтарына жауап табу жыл өткен сайын қиындап барады. Бұл сыннан сүрінбей өткісі келетін бала тек мектеп бағдарламасымен шектеле алмайды: ол қосымша репетитор жалдауға мәжбүр. Тіпті, тәжірибелі ұстаздардың өзі тест тапсырмаларының америкалық және еуропалық үлгілерден алынғанына, соның салдарынан ересектердің өзі шешімін таба алмай, дәрменсіз күй кешетініне шағымданады.

Осыған орай әлеуметтік желіде кейбір қоғам белсендісі саналатын түлектің негізгі ҰБТ-да өз бетінше 140 балл жинай алғанына сенімсіздік білдірді. Олар тіпті академиялық адалдықты тексеру үшін ең жоғары жетістікке жеткен талапкерлерге сынақты қайта тапсыртқызу керек деген ұсыныс тастады. Қоғамдық резонансқа Ғылым және жоғары білім министрлігі үнсіз қалмады. Министр Саясат Нұрбек ҰБТ онсыз да қатаң бақыланатынын және қайта тексерудің қажеті жоғын мәлімдеді.

Біріншіден, кіреберісте металдетектор арқылы тыйым салынған заттардың бар-жоғын арнайы оқытылған қызметкерлер мен инспекторлар мұқият тексереді. Екіншіден, күшейтілген қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етіледі. Бұдан кейін тестілеудің өзін бақылау да цифрландырылған. Аудиторияларда бүйірден және жоғарыдан түсіретін екі бірдей камера орнатылған. Алгоритм өте қатаң: ол тест тапсырушының іс-қимылын секунда сайын дененің 17-18 нүктесі бойынша бақылап отырады: күмәнді әрекеттері, әлденені жасырын пайдаланғаны байқалса, мұның бәрі тіркеледі, — деді С.Нұрбек.

Бейнежазбалар талап-арыз берудің ескіру мерзімі аяқталғанға дейін бірнеше ай бойы сақталады. 2026 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін 31 қазанға дейін бейнежазбаларға талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану, ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда ҰБТ нәтижелері бірден жойылады.

Министрліктің дерегінше, ҰБТ-ны өткізудің екінші аптасында 200-дей ереже бұзушылық анықталды. 103 талапкер смартфонды, смарт көзілдірікті, микро құлаққапты, шпалгалканы және басқа тыйым салынған затты алып кірме болғаны үшін тестілеуден шеттетілді. Тағы 75 адам тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан шығарылды, олардың нәтижелері жойылды. Өзге адамдардың орнына кіру фактілері анықталмапты. Бұл ретте министрлік тестілеу кезінде электр жарығы өшіп қалған, компьютерлер өздігінен қайта жүктелген немесе басқа да техникалық іркілістер болған жағдайларды бөлек қарастырмақ. Министр жоғары балл жинаған

ҰБТ — БАЛА ТАҒДЫРЫ СЫНҒА ТҮСЕТІН СӘТ



талапкерлердің арасында ауыл мектептерінің түлектері барын кесті.

140 балл иегері атанғанның бірі — Павлодар облысының жалпы орта білім беру мектебінің түлегі Әсет Әлтайыр. Ол негізгі ҰБТ-ға бір жылдан бері тынбай дайындалғанын жеткізді. Бірнеше рет сынақ тестілеуден өтіпті. Ал 2026 жылғы 26 мамырда Павлодар қаласындағы аймақтық тестілеу орталығына келген Әсет «Математика-География» пәндер комбинациясын таңдап, ҰБТ-ны сәтті тапсырды. Ол бес пән бойынша ең жоғары 140 балды жинады.

«Көшіру, айла-шарғы болған жоқ. Есте сақтау қабілетім жақсы. 11-сыныптың басынан ҰБТ-ға жүйелі түрде дайындала бастадым. Дәл сол кезде болашақ мамандығымды нақты таңдадым. «Менеджмент» мамандығына түсуді жоспарлап отырмын», — деді Әсет.

**ҰБТ-ДАҒЫ ҮЛКЕН БЕТБҰРЫС:
САННАН САПАҒА**

Әйткенмен, ата-аналар тарапынан арыз-шағым жетерлік. Олар ҰБТ сұрақтарын тек мектеп бағдарламасымен шектеуді ұсынады. Талапкер таңдаған мамандығы бойынша толыққанды, терең білімді университетте алу керек. «Тума талант, оқып туған бала болмаса, қарапайым мектеп оқушысы Зияткерлік мектептер, Білім-инновация лицейі сияқты мамандандырылған алпауыттармен еш бәсекелесе алмайды», — деп ашынады ата-аналар. Өйткені ақылы білім ордалары өз беделін асқатқату үшін оқуда озат шәкірттеріне арнайы маман бөліп, оларды ҰБТ-ға екі жыл бұрын мақсатты түрде әзірлейді екен.

Ел ішіндегі наразылықтың үдеуіне байланысты ҰБТ-ға жауапты тұлғалар баспасөз мәслихатын ұйымдастыруға мәжбүр болды. Журналистер оларға сұрақты төтесінен қойды: «Қазіргі ҰБТ ақылы мектептердің, ақылы білім беру және даярлау орталықтарының

және репетиторлардың қалтасын кампайтып, олардың клиентурасын көбейтуге ғана қызмет етіп отырған жоқ па?».

Ұлттық тестілеу орталығы Алматы филиалының басшысы Жұмабике Сұлтанованың сендіруінше, бұл жерде қарапайым мектеп мұғалімдерінің кінәсі жоқ. Мектепте қатаң мемлекеттік стандарт бар, педагогтар оны сабақтың шектеулі 45 минуты ішінде орындауға міндетті. «Сондай-ақ кейбір педагог өз еркімен сабақ уақытында, сабақтан тыс, қосымша сабақтарда үздік оқушыларын ҰБТ-ға жеке дайындайды, оны біз білеміз», — деді ҰТО филиалы басшысы.

Ж.Сұлтанованың пікірінше, қосымша курстар оқушыға «жеткіліксіз білімін толықтыру» үшін емес, білімді барынша тереңдету және тест форматына машықтану, төселу үшін қажет. Бұл ретте мектеп бағдарламасы тұтастай алғанда арнайы дағды-машықтарды дамытуға емес, оқыту процесіне бағдарланған. Ал ҰБТ сұрақтарының басым бөлігі логикалық және сыни ойлауды талап етеді.

Соның кесірінен 11 жыл бойы бұған мән бермеген шәкірттердің ата-аналарына дәл мектеп бітіру қарсаңында репетиторларға миллиондаған қаржы жұмсауға, тестілеуге арнайы дайындалуға тура келеді екен. Олай болса, ҰБТ-дағы жоғары балл қарапайым мектеп оқушыларының орташа үлгерімінің көрсеткіші емес, нақты талапкерлердің жылдар бойғы нысаналы, мақсатты, тәртіпті әрі қарқынды дайындығының нәтижесі болып қала бермек.

**СҮРІНГЕН ТҰЯҚ
ПЕН ИГЕРІЛМЕГЕН ГРАНТ**

Енді жүйе түбегейлі өзгерістер алдында тұр. Мысалы, ҰБТ-ны 4 рет емес, 1 рет тапсыру ұсынылды. Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бүгінгі түлектердің есеу кезеңін-

дегі, үлкен өмірге аттар алдындағы басты емтиханы — Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесін трансформациялау қажетін мәлімдеді. Әңгіме білім сапасына басымдық беріп, талапкерлерді іріктеудің мүлдем жаңа кезеңіне көшу туралы. Ол жаһандық бәсеке мен еңбек нарығындағы серпінді жаңғырулар білім мен құзыреттілікті бағалау тәсілдерін де қайта қарауды талап ететінін атап өтті.

«Бүгінде білім беру трендерінде, еңбек нарығында, құзыреттіліктер мен талаптар бойынша үлкен трансформация жүріп

өтуге тырысады. Аудиторлардың тексерісі ЖОО жүйесінде қордалған күрделі мәселелерді ашкереледі.

— Аудит жүргізілген кезеңде ЖОО-ларға жоспарлы бақылау іс жүзінде жүргізілмегені ашкереленді. Негізгі ақпараттық жүйелер өзара интеграцияланбаған. Білім алушылардың контингенті, гранттар, кредиттер мен мәртебелері бойынша мәліметтер негізінен қолмен енгізіледі. Бұл шетелдік жоғары оқу орындарынан ауысу арқылы ҰБТ талаптарына айналып өту фактілеріне соқтырды, — деді Каскин.

Кейбір түлек алдымен ҰБТ нәтижелерін талап етпейтін шетелдік, негізінен ресейлік университеттерге түсіп, артынша қазақстандық оқу орнына ауысатын жағдайлар тіркелген. Аудиторлардың ақпаратына жүгінсек, мысалы, бір ғана 2022 жылы инженерлік мамандықтар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (IT) бойынша 9 мыңнан астам грант игерілмей қалыпты. Аудиторлық палата мүшесі жыл сайын ЖОО-лар 20 мыңға жуық IT-мамандықтарына, бірақ оның тек 30%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істейтініне назар аударғаны.

Жалпы, 2026 жылы мектепті шамамен 215 мың түлек бітірген. «Жоғары білім беру жүйесі 2025-2026 оқу жылын тұрақты режимде тәмамдады. ҰБТ-ға қатысу үшін 239 мыңнан астам адам тіркелді, ішінде колледж түлектері мен өткен жылдардың мектеп бітірушілері де бар. Шамамен 200 мың білім алушы түлектер. ҰБТ өткізу бойынша барлық мүдделі мемлекеттік органның үйлесімді жұмысы қамтамасыз етілді», — деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Оның айтуынша, ҰБТ 10 мамыр мен 10 шілде аралығында өтуде. Биыл ҰБТ форматы өзгеріссіз сақталды. Талапкерлер тестілеуді екі рет тапсырып, грант конкурсына ең жоғары нәтижесіне қатыса алады. 2026 жылдың 10 мамырында басталған негізгі ҰБТ-дан 100 мыңдай адам өтіп үлгерді. Аралық нәтиже көрсеткендей, Әзірге талапкерлердің 63%-дан астамы шекті балл жинаған (алдыңғы аралық қорытындыда 65% болған). Бірақ түпкілікті қорытындысы шілдеде белгілі болады. Басты 5 пән бойынша орташа балл 63-ті құрады. Талапкерлердің 71%-ы тестілеуді қазақ тілінде, 29%-ы орыс, 164-і ағылшын тілінде тапсырды.

Бұдан бөлек, мемлекет дайындық бағдарламаларына (Foundation) шартты түрде қабылдау тәжірибесінен бас тартады. Ведомствоның мәліметінше, мұндай студенттердің 60%-ға жуығы оқу жылы ішінде ең төменгі шекті деңгейден аса алмайды. Үкімет ҰБТ трансформациясы — жүйеден бас тарту емес, таланттарды нысаналы, жан-жақты және әділ іріктеуге жасалған қадам екенін нақтылады. Басқаша айтқанда, Қазақстан жастардың басым көпшілігіне жаппай жоғары білім беріп, қолақпандай диплом табыстауға енді тырыспайды. Тек дарындысы, білімдісі іріктеліп, ілгері озады. Қалғанына не ақылы оқу немесе колледж бітіріп, қарапайым жұмысшы мамандықтарын игеру қалмақ.

Бұл ретте аудиторлар өткен жылдардың өзінде мыңдаған грант талапкерлерге сол бойы таратылмағанын анықтады. Бұл үрдіс алда үдеуі де ықтимал. Жоғары аудиторлық палатасының мүшесі Тілеген Каскиннің мәліметі бойынша, қазақстандық түлектердің үлкен бөлігі ҰБТ-ны айналып

Мемлекеттік гранттар конкурсына қатысуға өтініштер қабылдау 13-20 шілде аралығында өтеді. Жоғары оқу орындарына қабылдау 25 тамызда аяқталады. Ал 28 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында ЖОО-ларда I курс студенттерін бейімдеу апталығы өтпек. Ел болашағының тұтқасы болар білікті кадрларды әділ іріктеуі алса ғана ҰБТ мемлекетіміздің стратегиялық дамуы мен серпінді жаңғыруының басты драйверіне айнала алады.

ӘЛЕУЕТ

Қазақстан
2029 жылға қарай
жалпы ішкі өнімнің энергия
сыйымдылығын 15%-ға төмендетуді
мақсат етіп отыр. Алдымен ескерте кетейік,
энергия сыйымдылығы дегеніміз, қарапайым
тілмен айтқанда, экономикадағы кәсіпорындардың
қанша энергия шығындайтынын анықтайтын
көрсеткіш. Алайда еліміздегі өнеркәсіптік және
энергетикалық кәсіпорындардың едәуір бөлігі міндетті
энергоаудиттен өтпеген, ал кейінгі жылдары талданған
аудит есептерінің көпшілігі заң талаптарына сәйкес келмейді.
Осы тақырып жөнінде біз Халықаралық энергия тиімділігі
және тұрақты даму саласының
сарапшысы Тегінболат Самұратовпен
сұхбаттастық. Тегінболат бұрын
Қазақстанда Дүниежүзілік банк пен
Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму
бағдарламасымен (БҰҰДБ) жұмыс
істеген, қазір АҚШ-тағы жетекші mass
save бағдарламасына қатысып жүр.
Сонымен, еліміздегі энергоау-
диттер неліктен сәтсіз
аяқталады, Қазақстан
Америка тәжірибесінен қандай
сабақ ала алады?

– Қазақстан 2029 жылға қарай ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын 15%-ға төмендету мақсатын қойды. Бұл межеге жету үшін әзірге қандай кедергілер бар деп ойлайсыз?

– 2025 жылы елдегі 855 кәсіпорын заң бойынша кемінде бес жылда бір рет энергетикалық аудит жүргізуге міндетті болған. Алайда олардың 184-і, яғни 21,5%-ы бұл талапты мүлде орындамаған. Неліктен? Оның үш негізгі себебі бар: аудит жүргізуге қаржының жетіспеуі, өнеркәсіптік энергия тарифтерінің төмен болуына байланысты энергияаудиттің пайдасын ұзақ мерзімде көру және аудиттен жалтарғаны үшін салынатын айыппұлдардың мардымсыз болуы. Бірақ одан да алаңдатарлық көрсеткіш, 2016 жылдан бүгінге дейін 1 725 аудиттік есеп талданған. Олардың шамамен 55%-ы, яғни 944 есеп белгіленген талаптарға сәйкес келмеген. Бұл көптеген кәсіпорынның аудиттен мүлде өтпейтіні ғана емес, тіпті аудит жүргізілген жағдайда да есептердің жартысынан көбі іс жүзінде сапасыз әрі пайдасыз екенін көрсетеді.

– Энергетикалық аудит есептерінің жартысынан көбі неге заң талаптарына сәйкес келмейді? Оның үстіне, көптеген кәсіпорын аудит жүргізуден неге мүлде бас тарттады деп ойлайсыз?

– Бұл мәселелер үнемі қайталанып отырады. Біріншіден, аудит сапасы оның бағасына тікелей байланысты. Нарықтағы агрессивті баға демпингі сапасыз қорытындыларға алып келеді. Екіншіден, кәсіпорындар аудиторларға көбіне жалған немесе толық емес энергия тұтыну деректерін ұсынады. Үшіншіден, аудиторлар энергия үнемдеу әлеуеті 1%-дан төмен және өтелу мерзімі 20 жылдан асатын тиімсіз шараларды ұсынады. Төртіншіден, олар кәсіпорындардың қаржылық мүмкіндігі жетпейтін қымбат жаңғырту жобаларын ұсынады. Бесіншіден, көптеген ұсыныс техникалық және экономикалық есеп-

теулерсіз беріледі, бұл оларды іс жүзінде жүзеге асыруды мүмкін емес етеді. Міне, осы себептер жол тосып тұр.

– Енді бұл жүйені түзету үшін қандай нақты шаралар қажет?

– Энергетикалық аудит жүргізудің бірінші әдістемесі керек. Қазір стандартталған тәсілдер болмағандықтан, аудит нәтижелерін бір-бірімен салыстыру мүмкін емес. Аудит сапасы қай компанияны таңдағаныңызға немесе қаншалықты арзан қызмет алғаныңызға тәуелді болмауға тиіс. Сонымен қатар кәсіпорындарға аудит жүргізу мен ұсынылған жаңғырту шараларын іске асыру үшін субсидия беру жүйесі қажет. Ал аудиттен жалтарғандарға қатысты нақты әрі маңызды әкімшілік айыппұлдар қолданылуы керек деп есептеймін.

– Аудиттен бөлек, кадр мәселесі мен кәсіби біліктілік те бұл оқшылыққа әсер ете ме?

– Әрине, бұл мәселе екі деңгейде байқалады. Біріншіден, кәсіпорындарда аудитке тапсырыс беретін және оны қадағалайтын мамандардың өздерінде энергия тиімділігі бойынша базалық білім жетіспейді. Олар сапалы аудиттің қандай болуы керекін және ұсыныстарды қалай бағалау қажет екенін білмейді. Осындай жауапты тұлғаларға арналған оқыту курстары өте пайдалы болар еді.

Екіншісі одан да маңызды – аудиторлардың өздері. Қазақстан заңнамасына сәйкес, аудит ұйымында кемінде төрт сертифицирталған аудитор болуы қажет. Алайда ресми мәліметтерге

сәйкес, тіркелген 200-ден астам аудит ұйымының тек алтауы ғана бұл талапқа сай. Ел бойынша 375 аудитор тіркелгенімен, олардың тек 333-інің сертификаты жарамды, ал тек бесеуі ғана сәйкестікті бағалау органы арқылы толық сертификаттаудан өткен. Қазіргі Хабарландыру тәртібі негізіндегі жүйе – ұйымдар тек мемлекеттік органдарға хабарлап, бірден жұмысын бастайтын жүйе талаптарға сай келмейтін

бірінші кезекке қоюға міндеттейді. Яғни, бір киловатт-сағат энергияны үнемдеу жаңа киловатт-сағат өндіруден маңыздырақ деп есептеледі. Штат заңы коммуналдық компанияларға энергия тиімділігі бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруды міндеттейді, соның нәтижесінде олар Mass Save сияқты бастамаларды қаржыландыруға тиіс.

2021 жылы Массачусетс штаты 2050 жылға қарай парниктік



Қазақстан заңнамасына сәйкес, аудит ұйымында кемінде төрт сертифицирталған аудитор болуы қажет. Алайда ресми мәліметтерге сәйкес, тіркелген 200-ден астам аудит ұйымының тек алтауы ғана бұл талапқа сай. Ел бойынша 375 аудитор тіркелгенімен, олардың тек 333-інің сертификаты жарамды, ал тек бесеуі ғана сәйкестікті бағалау органы арқылы толық сертификаттаудан өткен.

ойыншылары басым нарықтың қалыптасуына алып келді.

– Қазір сіз Массачусетс штатындағы Mass Save бағдарламасымен жұмыс істейсіз. Сол тәжірибе туралы айтып бере аласыз ба?

– Массачусетс штаты мүлде басқа жолды таңдады. Негізгі өзгеріс 2008 жылы қабылданған Green Communities Act заңынан басталған. Бұл заң Коммуналдық қызмет көрсететін компанияларды жаңа энергия өндіру көздеріне инвестиция салмас бұрын, энергия тиімділігі мен тұтынуды азайту шараларын

газдардың таза нөлдік шығындыларына қол жеткізу туралы заң қабылдады. Mass Save сияқты бағдарламалар осы мақсатқа жетудің негізгі құралдарының бірі болмақ. Мен Mass Save бағдарламасында сертифицирталған ғимараттарды энергетикалық бағалау маманы (Building analyst professional) ретінде тұрғын үйлерге энергетикалық бағалау жүргіземін және ұсыныстар дайындап, кейін оларды сертифицирталған жергілікті мердігерлерге тағайындаймын. Осы бағалаулар негізінде мердігерлер оқшаулау жұмыстарын, ауа

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

саңылауларын герметизациялауды, жылыту мен су жылытуға арналған жылу сорғыларын орнатуды және заманауи HVAC жүйелерін жаңартуды атқарады. Сонымен қатар үй иелері энергия тиімділігі жоғары кір жуғыш және кептіргіш машиналарға, индукциялық пештерге және электр көліктерін қуаттау стансаларына арналған өтемақылар ала алады. Бұл жаңартулар көбіне күн панельдерін орнатумен бірге жүзеге асырылады, нәтижесінде энергия тұтыну мен парниктік газ шығарындылары айтарлықтай төмендейді.

– Расымен, өте тиімді жұмыс істейтін жүйе сияқты көрінеді. Ал Mass Save бағдарламасы қалай қаржыландырылады?

– Бағдарлама электр және газ төлемдеріне енгізілген шағын арнайы төлем арқылы қаржыландырылады. 2019–2023 жылдар аралығында Массачусетс бойынша тұрғын үй және коммерциялық сектордағы энергия тиімділігін арттыруға шамамен 5,33 млрд доллар инвестиция салынған. Бұл – жыл сайынғы бюджет келіссөздеріне немесе саяси өзгерістерге тәуелді емес, тұтынуға тікелей байланысты тұрақты әрі болжамды қаржыландыру көзі.

– Қазақстан бұл тәжірибеден нені үйрене алар еді деп топшылайсыз?

– Айырмашылық анық көрінеді. Қазақстанда жүйе міндетті аудиттерге негізделген, бірақ бақылау әлсіз, айыппұлдар мардымсыз және бірінші әдістеме жоқ. Аудиттердің басым бөлігі сапасыз, ал кәсіпорындар энергия бағасының жасанды түрде төмен болуына байланысты талаптарды орындауға ынталы емес. АҚШ-та энергия тиімділігі қосымша шара емес, басты басымдық. Коммуналдық компаниялар жаңа электр стансаларын салмас бұрын энергия тиімділігіне инвестиция салуға заң жүзінде міндетті. Қаржыландыру коммуналдық төлемдердің өзіне енгізілгендіктен, ол тұрақты әрі сенімді. Аудиттер сапалы жүргізіледі, ұсыныстар нақты әрі қаржылық ынталандырулармен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Массачусетс моделін толық көшіруге міндетті емес. Бірақ негізгі қағида әмбебап: өлшенбеген нәрсені жақсарту мүмкін емес, ал адамдар ынталандырусыз немесе жауапкершіліксіз өз әрекетін қайталап жүре береді. Энергетикалық аудиттер сенімді болмайынша, бақылау күшеймейінше және энергия тиімділігі жай қағаз жүзіндегі талап емес, нақты экономикалық басымдыққа айналмайынша, ЖІӨ-дегі энергия сыйымдылығын 15%-ға қысқарту мақсатына жету өте қиын болады.

– Мазмұнды әңгіменіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Мадияр ТӨЛЕУ

Тегінболат САМҰРАТОВ,
халықаралық сарапшы:

ӨЛШЕНБЕГЕН НӘРСЕНІ

ДҰРЫСТАУ МҮМКІН ЕМЕС

ӨЗЕКТІ

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Жаз маусымы басталып келеді. Енді мектепті аяқтаған жасөспірімдер жұмыс іздей бастайды. Біреулері өздерін ересек сезініп, жұмыс істедуді қызық көрсе, енді біреулері кәдімгідей ата-анасына қолғанат боп, шаруасының бір жағына шығысуды жөн көрмек. Әрине, ата-анасының жанында еңбек ететіндерге ешқандай қауіп жоқ. Ал өз бетінше жұмыс істегісі келетін, бірақ кәсіптік жасқа толмаған жасөспірімдерге қатысты әлі де шешілмеген мәселелер бар екені рас. Дегенмен елімізде жасөспірімдерді жұмыспен қамту мәселесі соңғы жылдары ерекше назарға алына бастағаны байқалады. Өйткені жасөспірімнің еңбек етуі – тек қосымша табыс табудың жолы ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақтың еңбекке бейімделуі, алғашқы кәсіби дағдыларды игеруі және болашақ мамандығын саналы таңдауы үшін маңызды кезең.



А Айгүл СЕЙІЛ

1,7 МИЛЛИОН ЖАСӨСПІРІМ: ӘЛЕУЕТ ПЕН ШЫНАЙЫ КӨРІНІС

Үлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, елімізде еңбек етуге рұқсат берілген 14 пен 18 жас аралығындағы балалар саны 1 миллион 700 мыңнан асады. Алайда олардың тек 5 мың 300-і ғана ресми түрде жұмыспен қамтылған. Бұл – жастар еңбегінің басым бөлігі әлі де бейресми секторда екенін көрсететін маңызды көрсеткіш. Яғни, бейресми түрде еш жерде

Жасөспірім ЖҰМЫСҚА ЖЕГІЛСЕ...

тіркелмей, мүмкін жұмыс берушімен келісімшарт та жасаспай қаншама жастар еңбек етіп жүр деген сөз.

Жасауда, қоғамдық тамақтану, ойын-сауық және демалыс салаларында еңбек ететінін байқаймыз. Көгалдандыру жұмыстарынан бастап, курьерлік қызмет, даяшы, сатушы-кеңесші, аспаздың көмекшісі, аниматор сынды мамандықтар – олардың алғашқы еңбек тәжірибесін қалыптастыратын негізгі бағыттар екені даусыз.

Бүгінде жасөспірімдерді қауіпсіз әрі ресми жұмыспен қамту үшін бірқатар жүйелі шара іске асырылуда. Соның бірі – Электрондық еңбек биржасындағы «Менің жазғы каникулым» платформасы. Бұл жоба бойынша платформаға 14 жастан асқан оқушылар тіркеліп, түйіндемесін орналастырып, бос жұмыс орындарын өз бетінше іздей алады. 2026 жылдың басынан бері осы платформа арқылы 1 024 оқушы жұмыс тапса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 4 552-ге жеткен.

Сонымен қатар мемлекет тарапынан жастарды жұмыспен қамтудың белсенді шаралары да қолға алынған. Былтырдан бері 8,5 мыңнан астам жас азамат осындай бағдарламаларға тартылды. Олардың басым бөлігі қоғамдық жұмыстарға қатысуда. Бұл бағытта ай сайынғы ең төменгі жалақы 24 АЕК-ті, яғни 2026 жылы 103 800 теңгені құрайды.

Тағы бір маңызды құрал – Еңбек.kz платформасы. Мұнда оқушылар түрлі бағытта онлайн курстардан өтіп, жаңа дағдыларды меңгере алады. Соңғы бір жылда 500 мыңнан астам жас жұмыс іздеу дағдыларын игерген. Ал «Мансап компасы» платформасы арқылы 136 мыңнан астам оқушы кәсіптік бағдарлау тестілерінен өтіп, өз болашағын жоспарлауға мүмкіндік алған.

АШЫ ШЫНДЫҚ: БЕЙРЕСМИ ЕҢБЕК ПЕН ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР

Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Аскарбек Ертаев жасөспірімдердің еңбек етуіне қатысты бірқатар өзекті мәселенің бар екенін айтты.

Министрдің айтуынша, кәсіпкерлерге толмағандардың еңбек құқықтарын қорғауды күшейту

• ПІКІР

Жанболат МҰҚЫШЕВ,
ЕХӘҚМ Мемлекеттік еңбек инспекциясы
комитетінің басқарма басшысы:



ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚҰҚЫҚТЫ БАСТЫ ОРЫНҒА ҚОЮЫМЫЗ КЕРЕК

Кәсіпкерлерге толмаған жасөспірімдердің еңбекке араласуы – уақыт талабына сай дұрыс қадам. Бұл олардың жауапкершілігін арттырып, өмірлік тәжірибе жинауына мүмкіндік береді. Алайда олардың қауіпсіздігі мен құқықтарының толық сақталуы ескерілуі қажет.

Қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес, еңбек шартын негізінен 16 жастан бастап жасасуға рұқсат етіледі. Сонымен қатар белгілі бір жағдайларда 15 жастағы немесе 14 жастағы оқушылар да жұмыс істей алады, бірақ тек оқуынан тыс уақытта және денсаулығына зиян келтірмейтін жеңіл жұмыстарға ғана тартылуы ескеріледі. Ал 14 жасқа толмаған балалар тек мәдениет және өнер саласында, мысалы, театр, кино немесе концерттік ұйымдарда ғана жұмыс істей алады. Бұл жерде ата-аналардың рөлі ерекше маңызды. Өйткені мұндай жағдайларда еңбек шарты жасөспіріммен қатар оның заңды өкілінің келісімімен рәсімделуі қажет. Яғни, ата-ана баласының қайда, қандай жағдайда жұмыс істеп жатқанын толық бақылауда ұстауға тиіс.

Сондай-ақ заңда кәсіпкерлерге толмағандарға қатысты бірқатар нақты шектеу бар. Оларды ауыр, зиянды немесе қауіпті жұмыстарға тартуға болмайды. Мәселен, ойын-сауық орындары, түнгі клубтар, алкоголь немесе темекі өнімдеріне қатысты жұмыстар, сондай-ақ денсаулығы мен адамгершілік дамуына кері әсер ететін қызмет түрлері жасөспірімдер үшін қатаң тыйым салынған. Жұмыс уақыты да шектелген: 14-16 жас аралығындағы балалар аптасына 24 сағаттан, ал 16-18 жас аралығындағылар 36 сағаттан артық жұмыс істемеуі керек.

мақсатында биылғы жылдан бастап ведомстволық іс-шаралар жоспары іске асырылуда. Жоспардың шеңберінде Еңбек кодексіне және «Қызметкерді еңбек кезінде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» заңға заңнамалық өзгерістер енгізу пысықталуда.

Жана түзетулер жұмыс берушілердің жауапкершілігін күшейтуді, жасөспірімдердің құқықтарын нақты бекітуді және олардың еңбек ету шарттарын айқындауды көздейді. Бұл өзгерістер Халықаралық еңбек ұйымының талаптарына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар бақылау тетіктері де күшейтіледі: кәсіпорындарда цифрлық мониторинг енгізіледі; құрылыс, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету салаларын-

да тексерістер артады; ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Жасөспірімдердің еңбекке араласуындағы негізгі мотивация – өз қажетіне ақша табу және ата-анасына көмектесу. Яғни, бұл әлеуметтік-экономикалық факторлармен тығыз байланысты. Ал жасөспірімдерді жұмыспен қамту – бұл тек табыс табу мүмкіндігі емес. Бұл – еңбек мәдениетін қалыптастыру, жауапкершілікті сезіну, өмірлік бағытты айқындау. Алайда бұл процесс міндетті түрде қауіпсіз, заңды және қорғалған болуы тиіс. Мемлекеттің басты мақсаты – жасөспірім еңбегін қолға алмай, оны өркендетуі арнаға бағыттау. Өйткені бүгінгі жас жұмысшы – ертеңгі білікті маман. Ал оның алғашқы еңбек тәжірибесі әділ әрі қауіпсіз болуы керек.

БАЙҚАУ КЕҢЕСТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық аурухана» ШЖҚ МКК, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК Байқау кеңестері мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп таңу туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды **байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.**

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған), өтініш осы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды адамдарына қатысты үлестестігі туралы мәліметтерді қамтуы қажет;
- 2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар, сондай-ақ осы мемлекеттік кәсіпорынның

лауазымды тұлғаларына қатысты үлестестігі туралы мәліметтер.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді және «_____ – мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «_____ дейін ашуға болмайды» (конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсты өткізу орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 413-кабинет, тел.: 557484, 556842.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2026 ж. 30 мамыр.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2026 ж. 28 маусым.

ПАРАСАТ

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Биыл сексеннің сеңгіріне шыққан филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлы туралы әңгімелегенде студент шағынан ғылым жолына нық қадам жасаған ғалым өмірінің алпыс жылдан астамы әдебиет мәселесіне арналып келе жатқанын атап көрсеткеніміз жөн.

Атап айтқанда, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетінің (1969), одан соң Қазақ ССР Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын бітіріп (1974), Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми



ӘДЕБИЕТ пен ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС – ЕГІЗ ҰҒЫМ

қызметкер (1975-1977), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика, филология факультеттерінде аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі (1977-2000), Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде профессор (2000-2004), С.Демирел атындағы университеттің проректоры, ректор кеңесшісі (2004-2020), ал 2020-жылдың қыркүйек айынан күні бүгінге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Абай ілімі институтының жетекші ғылыми қызметкері бола жүріп, ондаған жыл бойы осы саланың отымен кіріп, күлімен шығып келе жатқан үлкен ғалым екенін айтуымыз керек.

Осы тұрғыдан Дандекеннің бүкіл ғұмырын әдебиетпен өрілген өмір деп атауға да болатындай. Өйткені осы жылдар ішінде ғалымның 40-қа таяу кітабы, 900-ден астам мақаласы баспа бетін көрсе, соның бәрі ардың ісі – әдебиет мәселесін қозғайды.

Ғалым өз еңбектерін, негізінен, қазақ әдеби сынының теориясы мен тарихына, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің проблемаларына арнайды. Мысал үшін айтсақ, «Әдеби көркем сын» (1987), «Сын шын болсын» (1993), «Сын жанрлары» (1999), «Сын өнері» (2001) сияқты еңбектердің тақырыптарынан көріп отырғанымыздай, бұлар да әдеби сынның теориялық мәселелері қазақ әдебиеттануында алғаш рет арнайы зерттеліп, жеке ғылым саласы ретінде көрінеді.

Ал «Сынсонар» (1993), «Сын сымбаты» (2000), «Сынталқы» (2005), екі томдық «Қазақ әдеби сынының тарихы» (2011), «Әдеби сынның тарихы» (2012) атты іргелі зерттеу еңбектерінде автор қазақ әдеби сынының сан ғасырлық жүріп өткен жолдарын, даму проблемаларын ғылыми тұрғыдан талдай-

ды. Бұл орайда автордың, әсіресе «Әдеби сынның тарихы» атты 50 баспа табақтан тұратын іргелі ғылыми еңбегін ерекше атап өткен жөн. Мұнда автор көне дәуірдегі әдеби сыннан бастап, қазақ әдебиетіндегі бүгінгі әдеби сынға дейінгі аралықты тарау-тарауға бөліп, кенінен қарастырып, арғы-бергі әдеби үрдістерге шолу жасап, тұшымды ойлар, соны пікірлер айтады.

Әдеби сынды тыңғылықты зерттеп, бұл бағытта өзіндік мектеп қалыптастырған ғалым қазақ әдебиетінің, оның сынының көрнекті өкілдері төңірегінде ой толғап, бірнеше кітап жазды. Бұл еңбектерінде сыншы ХІХ ғасырда өмір сүрген көрнекті қазақ ақыны Шортанбай жырларындағы әлеуметтік сарынды, ұлы Абайдың аудармаларын, қазақ әдебиетінің аспанында жарық жұлдыздай жарқыраған жас Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби ой-толғамдарын, қазақтың ХХ ғасырдағы ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев шығармашылығын таныудың бүгінгі мәселелерін, қазақ әдебиетінің классигі Жүсіпбек Аймауытовтың жазушылық шеберлігін, ұлы Мұхтар Әуезовтің қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысы туралы ой орамдарын, тіл туралы толғаныстарын, әдебиетіміздің алыбы Ғабит Мүсіреповтің ана тілі жөніндегі пікірлерін ой сарабына салып талдайды, олардың қазақ руханиятына қосқан өлшеусіз үлесі төңірегінде тиянақты ойлар өрбітеді.

Профессор Д.Ысқақұлының жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері М.Жұмабаев туралы «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған» (2004), М.Әуезов туралы «М.Әуезов. Талант пен тағдыр» (1997), С.Мұқанов туралы «Парасат пайымдары» (2000), Ғ.Мүсірепов туралы «Сырбаз суреткер» (2002) атты жеке еңбектер

жазып, оқырманды аталған әдебиет алыптарының шығармашылық зертханасымен таныстыруда айтарлықтай еңбек сіңіргенінен хабардар ете кеткеніміз жөн.

Дандай Ысқақұлы – қазақ әдебиетіне қатысты ұжымдық жинақтарға арнап бірталай туындылар жазған ғалым. Атап айтқанда, он екі томдық «Қазақ Совет Энциклопедиясы» (II-XII томдар), төрт томдық «Қазақ ССР. Қысқаша Энциклопедия» (IV том), «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» (I-VI томдар), Мәскеуде шыққан тоғыз томдық «Қысқаша әдеби энциклопедия» (орыс тілінде, IX том), «Түркістан», «Қазақ әдебиеті», «Абай», «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы», «Сұлтанмахмұт Торайғыров» энциклопедиялары, академиялық «Стиль сыры» (1977), «Дәстүр және жаңашылдық» (1980), «Көкейкесті әдебиеттану» (2001, 2002, 2004), «Қазақ әдебиеті тарихының қысқаша курсы» (2002), «Әдебиет теориясы» (2003), көптомдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (VII том, 2004; XI том, 2007), екі томдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008), «Қазақтың жүз романы» сияқты және басқа да іргелі еңбектердің жарық көруіне атсалысты.

Көріп отырғанымыздай, көрнекті әдебиетшінің шығармашылығына жасалған қысқаша шолудың өзінен ғалымның әдеби сын жанрын дамытуда бітірген толағай тірліктерін аңғаруға болады. Мұнан бөлек, біз ғалымның халқымыздың рухани өміріне қатысты салаға қалам сілтеуде де тың ойлар мен соны тұжырымдар айтып келе жатқанын атап өтуге тиіспіз. Соның ішінде бұрын да, бүгінгі күні де күн тәртібінен түспей келе жатқан қазақ тілі мәселесіне қатысты автордың жан дүниесінен кайнап шыққан ойларына құлақ қоймай мүмкін емес.

Автор жұрт сияқты бірді-екілі мақала жазумен шектелмей, тіл мәселесін, түркі дүниесін тұтастандыру мәселесін түбірімен қопарып, әрқайсысы 28, 20, 8 баспа табақтан тұратын 3 кітап жазып шықты. 2014, 2015 жылдары жарық көрген бұл іргелі еңбектер «Мәңгілік майдан немесе тілдер тоғысындағы түркі әлемі», «Түркілік ортақ термин негіздері» «Рухани толғамдар» деп аталады. Ғалымның бұл еңбектеріне қойылған тақырыптардың өзі әңгіменің бүгінгі күннің өзекті мәселесі төңірегінде өрбитінін айғақтап тұрғандай әсер қалдырады.

Мысал үшін кітаптардағы кейбір тақырыптардың атауларына назар аударайық: «Тіл – ұлттың болашаққа бастар бағдар туы», «Ұлттың ұлы қазынасы», «Ұлттық идеология қажет», «Руханияттың өркениеттегі орны», «Қазақтың ғылымын қазақтан артық ешкім білмейді», «Ұлттық топырақтан нәр алмаған көркем әдебиеттің болашағы жоқ», «Тіл жағдайы жақсармай, ұлт оналмайды», «Термин туралы түсінік», «Қазақ терминологиясының даму жолдары», «Қазіргі қазақ терминологиясы», «Қазақ әдебиеттану терминдерінің жай-күйі», «Халықаралық терминдер хақында», «Терминологияны түркілік негізде біріздендіру», «Жаһандану дәуірінің өзіндік ерекшеліктері», «Әлемнің тілдік бейнесі», «Жаһандану дәуіріндегі түркі әлемі», «Мың өліп, мың тірілген» қазақ тілі», «Тәуелсіздік тұсындағы қазақ тілі», «Мақсат – түркілік бірлік», «Ортақ тіл – өмір талабы», «Ортақ әліпби мәселесі».

Автордың осы туындыларында түркі тектес халықтардың бүгінгі жаһандану заманындағы рухани тіршілігі негізгі әңгіме арқауына айналумен бірге, қазақ тілі мәселесі үнемі алдыңғы кезекке шығып отырады. Бұл заңды да. Өйткені ғалымның өз сөзімен айтқанда: «Тіл дегеніміз – тұтас бір әлем. Тіл – адамдардың арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге сол халықтың ғасырлар бойғы даму барысында жинақтаған өмір, қоғам, табиғат жайлы білім-ғылымдарының жиынтығы, адамзат қоғамының бір бөлшегі ретіндегі өздері, басқалар туралы мағлұматтар, т.б. Демек, бір тілдің немесе ұлттың тарихтың санасынан жоғалуы – адамзат қоғамының, кейінгі өз ұрпақтарының жақсы, бақытты ғұмыр сүруі үшін пайдалануға тиіс болған ол жасаған рухани, мәдени қазынасының бір бөлшегінен айырылу, ұлттық, тарихи, жергілікті ерекшеліктері бар адамзаттық мәдениеттің жойылуы деген сөз. Бұл дегеніміз – бір сөзбен айтқанда, тілдік, этностық, мәдени апат. Мұның өзі – қоғам үшін орны толмас оқиғалар».

Осы орайда профессор Дандай Ысқақұлының «...белгілі бір ұлт тілінің мемлекеттік мәртебесі толыққанды өмір сүруі үшін оның бірнеше шарты орындалуы керек. Соның ең негізгілерінің бірі – ғылым тілі болуы. Ғылым тілі бола алмаған тіл – әлсіз тіл, ауру тіл...» деген пікірін туған тіліміздің бүгінгі диагнозына дөп келіп тұрғанын айтуға тиіспіз.

Бұдан әрі ғалым өз еңбегінде ана тілінің ұрпақ тәрбиесіндегі рөліне тоқтала келіп, болашағын ойлаған ең алдымен мектебін түзейтінін, біздегі осы мәселе сын көтермейтінін, оның басты себебі бізде ұлттық білім беру жүйесінің қалыптаспағанын, ұлт болып өмір сүруді қамтамасыз ететін – ұлттық тәрбие, сол тәрбиенің негізгі ошағы – мектеп екенін, мектебін,

ондағы білім, тәрбие беру жұмыстарын ұлттық, халықтық мүдделерге орай жүргізбеген елдің еңсесі көтерілуі қиын екенін айта келіп, былай деп ой түйеді: «Бұл айтқандарымыздың дұрыстығына тағы мынадай фактілер көзді жеткізе түседі. Кеңестік дәуірде бір ғана Баянауыл ауданынан 10 академик шықса, соның 9-ы қазақ, біреуі ғана орыс мектебін бітірген. Қазақтан шыққан математика саласындағы ғылым докторы-профессорлардың барлығы дерлік қазақ мектебінде оқыған да, тек біреуі ғана (А.Женсікбаев) орысша білім алыпты. Қазіргі әлемдік деңгейдегі М.Өтелбаев, А.Жұмаділдаев, У.Өмірбаев секілді атақты математик академиктеріміздің барлығы да – ауылдағы қазақ мектебін бітіргендер».

Сонан соң автор ұлттық мектепте білім алған баланың деңгейі басқа тілде оқыған баланың деңгейінен жоғары болатындығына бірсыпыра мысалдар келтіреді. Ғалымның айтуынша, кейінгі жылдары қазақ мектебін «Алтын белгіге» бітіргендердің пайыздық көрсеткіші орыс мектебін бітіргендерден жоғары. Түрлі халықаралық олимпиададан жүлделі орындармен оралғандардың да басым бөлігі – қазақ мектебінде оқушылары. Тестілеу нәтижелері бойынша да қазақ тілінде оқығандардың орташа балы орыс тілінде білім алғандардан жоғары. Бұдан қазақ тілінде білім беру жүйесінің сапасы төмен деген теріс пиғылды пікірдің ешқандай негізі жоқтығы анық байқалады.

Қорыта айтқанда, профессор Дандай Ысқақұлының аталған еңбектеріндегі тілге, ұлтқа, түркілік бірлікке байланысты сан алуан ойлар желісінің түп-төркіні тіл түзелмей, адам да, ұлт та, экономика да, қоғам да түзелмейді, мемлекеттің де, ұлттың да болашағы күнгірттен береді. Өз елінде өз тілінде сөйлемеген, ұлттық дәстүрімен, ұлттық рухани құндылықтарымен өмір сүрмеген, ұлттық мүдделеріне қызмет етіп, болашағы үшін күреспеген адамның мен қазақтың деп айтуға құқы жоқ. Өйткені тіл – адамзат қоғамындағы әрбір адамның өмір сүруінің рухани өзегі, өмір сүру формасы. Тілі қандай болса, қоғамы да – сондай. Ұлттық тілге, сол тілде жасалынған руханиятқа, рухани құндылықтарға, ұлттық патриотизме арқа сүйеген ұлттың, мемлекеттің ғана мерейі үстем дегендей келелі ойларға жетелейді.

Сонымен бүкіл өмірін әдебиет деген киелі ұғымға адал қызмет етуге арнаған Дандай ағамыздың бұл ұғымды халқымыздың ұлттық болмысымен бірлікте қарастыратынын аңғарғандаймыз. Рас-ау. Халық болмаса, әдебиет қайдан болсын. Халық болмаса, әдебиет қана емес, сол халықтың болмыс-бітіміне байланысты барлық нәрсенің, ақырында халықтың өзінің де жоғалатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Ендеше, қазақ әдебиетінің, әдеби сынның мәселесін ұңғыл-шұңғылына дейін зерттеп, әдеби сынды байыта түсетін тың ойларын ортаға салумен ғана шектеліп қалмай, адам, қоғам, ұлт жөнінде, қазақ деген киелі жұрттың болашағы жөнінде толымды да, тұщымды пікірлер айтып жүрген Дандекен сияқты үлкен ғалымның, қоғам қайраткерінің мәртебесі биіктей берсін демекпіз!

Орынбек ЖОЛДЫБАЙ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі, филология
ғылымдарының кандидаты

30 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Көйінгі жылдары Алматы қаласы орталық Азиядағы ең тартымды туристік бағыттардың біріне айналып келеді. Сарапшылардың пікірінше, ендігі басты міндет – қаланың табиғи әлеуетін толық пайдалана отырып, жыл бойы жұмыс істейтін тау туризмі кластерін қалыптастыру. Осыған байланысты туризм саласының өкілдері Алматы тау кластерін халықаралық деңгейдегі ірі туристік жоба ретінде дамытуды ұсынады.



ТАУ ТУРИЗМІНЕ ТЫҢ СЕРПІЛІС ҚАЖЕТ

бейімделген туристік экожүйе ретінде дамуы тиіс екенін алға тартты.

Бұл ретте Еуразиялық туризм қауымдастығының президенті Рысты Қарабаева Алматыға халықаралық деңгейдегі ауқымды әрі заманауи туристік жоба қажет екенін атап өтті.

– Тау кластерін дамыту ұзақ мерзімді әрі жоғары деңгейде қаражат жұмсайтын туристерді тартуға мүмкіндік береді. Бұл қонақүй, қоғамдық тамақтану, көлік, сервис және шағын бизнес салаларының тұрақты дамуына ықпал етеді, – деді ол.

Қазір Алматы тау кластері аясында бірқатар инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, осыған дейін Алма-Арасан аумағы жаңартылып, жалпы ұзындығы 100 шақырым болатын 10 тау маршруты абаттандырылған. Сонымен бірге күн панельдерімен жабдықталған кем-

шағын және орта бизнестің дамуына серпін беріп, сервистік экономиканың жаңа драйверіне айналуы ықтимал. Қазірдің өзінде кластерге жыл сайын шамамен 3 миллион турист келеді. Оның ішінде 2,2 миллионы – отандық, ал 764 мыңы – шетелдік туристер.

Дегенмен бұл бағытта шешімін күткен түйткілдер де жоқ емес. Алматы тау кластерін дамыту ең алдымен заманауи инфрақұрылым сапасына байланысты. Қазір өңірдің кейбір туристік аймақтарында бірқатар мәселе әлі де өзектілігін жойған жоқ. Мысалы, таулы аймақтарға апаратын жолдардың жағдайы, автотұрақтардың жетіспеуі, қоғамдық көлік қатынасының әлсіздігі мен санитарлық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі туристер үшін қолайсыздық тудырады. Сала мамандарының сөзінше, халықаралық деңгейдегі туристік орталық қалыптастыру үшін ең әуелі базалық сервис толыққанды жолға қойылуға тиіс. Бұл қатарға ыңғайлы жол, заманауи визит-орталықтар, қауіпсіз жаяу бағыттар, навигациялық белгілер, құтқару қызметі, тұрақты интернет байланысы және экологиялық талаптарға сай демалыс орындары кіреді.

Сарапшылар негізге алған тағы бір өзекті мәселе – туристік ағынның көбеюі. Бұл өз кезегінде шаһардағы экология мәселесін де алдыңғы қатарға шығарады.

– Инфрақұрылымды дамыту барысында табиғи ландшафтқа зиян келтірмеу маңызды. Әсіресе кокыс жүйесін реттеу, су ресурстарын қорғау және тау экожүйесіне түсетін жүктемені бақылау басты назарымызда болуы қажет, – деді мамандар.

Mastercard Tourism Insights зерттеуіне сәйкес, кейінгі жылдары Алматы шетелдік туристер үшін тартымды бағыт ретінде позициясын нығайта түскен. Зерттеу деректері бойынша, қалада шетелдік қонақтардың шығыны 40 пайызға артқан. Ал Алматыға сапарлауға деген қызығушылық 73 пайызға өскен. Халықаралық сарапшылар да Алматының туристік әлеуетіне жоғары баға беріп отыр. Соның бір мысалы, әйгілі Bloomberg басшылығы осыған дейін мегаполисті 2026 жылы баруға ұсынылатын әлемдегі үздік 25 бағыттың қатарына енгізген еді.

кан. Былтыр қалаға 2,4 миллионнан астам турист келсе, оның 754 мыңы – шетелдік қонақтар. Сонымен қатар туризм саласында көрсетілген қызмет көлемі 110,9 млрд теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 15,2 пайызға өскен. Ал салаға тартылған инвестиция көлемі шамамен 200 млрд теңге болған. Мамандардың айтуынша, Қазақстанға келген туристер тек қысқы демалыс үшін емес, экологиялық туризм, трекинг, веломаршрут, кемпинг және табиғат аясындағы белсенді демалыс түрлеріне көбірек қызығушылық танытады. Сондықтан олар Алматы тау кластері маусымдық жоба ретінде қалып қоймай, төрт мезгілге қатар

линг аймақтары іске қосылып, туристік нысандар саны көбейген. Одан бөлек, сарапшылар халықаралық тәжірибені де назардан тыс қалдырмады. Мәселен, Швейцария, Аустрия және Франциядағы тау туризмі ел экономикасының маңызды секторына айналған. Бұл мемлекеттерде тау инфрақұрылымы тек қысқы маусыммен шектелмей, жыл бойы турист қабылдауға бейімделген. Алматыда да төрт мезгілге арналған туристік бағыттарды дамытуға мүмкіндік бар.

Сарапшылардың пікірінше, тау кластерін дамыту Алматы қаласының халықаралық деңгейдегі имиджін нығайтады. Онымен қоса, бұл бағыт

«ӨТКЕЛ» МҮСІН КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Жақында Астана қаласында «Өткел» атты мүсін көрмесінің ашылуы өтті. Концептуалды көрме ÖzgeEpic креативті хабында өтті. Мұнда суретші Оралбек Қабөкениң өткен мен бүгіннің арасын жалғаған жеке туындылары қойылған. Іс-шарада әр мүсіннің өз мәні тереңінен сараланды.



Көрменің мақсаты өткен мен қазіргі уақыт арасындағы өзгерістерді жад, естелік және тарихи деректер негізінде талдауға бағытталған. Іс-шараға бейнелеу өнерінің өкілдері, суретші Сембіғали Смағұлов, Лейла Махат, Мансұр Смағамбетов, Сырлыбек Бекбота, Гүлмарал Тәттібай, Наталья Лигай, Ануар Мүсірепов сынды тұлғалар қатысты. Көрменің ашылу барысында Оралбек Қабөкениң өзі көрмені аралап, толықтай таныстырып өтті. Автордың айтуынша, көрмедегі әр мүсіннің атауы тарихи терең мәнге ие. Соның бірі – «Ала жіп» атауы. Бұл – көшпенді мәдениетіндегі қазақ ұғымы. Суретші туындысының бұлай аталуын бірнеше мысалмен түсіндіріп берді.

– Қазаққа «Ала жіптен аттама» деген сияқты сөздер бар. Мәселен, айдалада жалғыз үйдің иесі үйде болмаса, есіктің аузына тек ала жіп байлап кететін болған. Бұл – үйдің иесі жоқ, кіруге болмайды деген түсінік. Ал малдың басына ала жіпті байлау арқылы бөтен адамның малына тиісуге болмайтынын түсіндірген. Сол ала жіпке қарап, тіпті үкімі шықпаған күнәһар адамның өзі қоршап қойған ала жіптен аттап қашып кетпеген. Бізде ізгілік пен зұлымдықтың арасындағы шекара бұл ала жіппен белгіленген. Осы «ала жіптен аттау – ар мен ұжданның алдынан аттау» деген мағынаны білдірген. «Ала жіптегі» жылқы мүсіні болмысымызға, дүниетанымызға символдық түрде негізделіп жасалған, – деді автор.

Одан бөлек, «Ақ бала», «Құн», «Қымыз», «Жер ана», «Бөтен құрсақ», «Алмасу» деп аталатын өткел кезеңдерінің атауы да тереңінен таныстырылып өтті. Айта кетейік, келушілер көрмені 22 шілдеге дейін тамашалай алады. Көрме кураторлары көрме еліміздің бүкіл өңірін, оның ішінде ÖzgeEpicтің барлық желісін және мүмкіндік болса, әлемді де аралайтынын айтты.

«Біз әзірге көрмені өзіміздің кеністігімізде қоямыз. Өйткені көрмені ұйымдастыру оңай емес. Көрмені жасауға алты ай дайындық уақыты кетті. Ең басты шығын, ең басты күш – уақыт және адамның шығармашылыққа жұмсаған шығыны. Шынын айтқанда, мұндай көрмелерден кейін адамдар рухани өткелден өтеді. Сондықтан Оралбек мырзаның күрделі ой процесінен өткізген туындысын бүкіл Қазақстанға көрсетуге тырысатын боламыз. Егер мүмкіндігіміз болып жатса, шетелге де апарамыз, – деді Тоғжан Жұмабай.

Туындылар жаһандану, тұтынушылық м дениет және әлеуметтік қатынастардың өзгеруін, адамның ішкі табиғатына әсері өтпелі түрде болып жатқанын көрсетеді. Қазірдің өзінде суретшінің өнерін бағалап, көрмеге баруға қызығушылық танытқан көрерменнің саны көбеюде.

Асылзат АҚЫЛХАН,
ЕҰУ 3-курс студенті



қан. Былтыр қалаға 2,4 миллионнан астам турист келсе, оның 754 мыңы – шетелдік қонақтар. Сонымен қатар туризм саласында көрсетілген қызмет көлемі 110,9 млрд теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 15,2 пайызға өскен. Ал салаға тартылған инвестиция көлемі шамамен 200 млрд теңге болған. Мамандардың айтуынша, Қазақстанға келген туристер тек қысқы демалыс үшін емес, экологиялық туризм, трекинг, веломаршрут, кемпинг және табиғат аясындағы белсенді демалыс түрлеріне көбірек қызығушылық танытады. Сондықтан олар Алматы тау кластері маусымдық жоба ретінде қалып қоймай, төрт мезгілге қатар

линг аймақтары іске қосылып, туристік нысандар саны көбейген.

Одан бөлек, сарапшылар халықаралық тәжірибені де назардан тыс қалдырмады. Мәселен, Швейцария, Аустрия және Франциядағы тау туризмі ел экономикасының маңызды секторына айналған. Бұл мемлекеттерде тау инфрақұрылымы тек қысқы маусыммен шектелмей, жыл бойы турист қабылдауға бейімделген. Алматыда да төрт мезгілге арналған туристік бағыттарды дамытуға мүмкіндік бар.

Сарапшылардың пікірінше, тау кластерін дамыту Алматы қаласының халықаралық деңгейдегі имиджін нығайтады. Онымен қоса, бұл бағыт

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4744

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,